2019-2027 (2023)	242,4 млн	12,4%	Инфрақұрылым, табиғи ресурстарды қайта өңдеу, логистика, ақпараттық технологиялар, өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен және т. б.	Қазақстан	ҚКМ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры « АҚ, CITIC Group, Asia Investment Finance Group Limited, China Bosen New Energy Investment Holding Limited, Hong Kong Sino-Science Oil & Gas Company Limited

2019 жылғы 25 сәуірде Бейжің қаласындағы инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай дөңгелек үстелінде қордың алғашқы жабылу құжаттарына қол қойылды.

2019 жылғы 11 қыркүйекте Бейжің қаласында өткен Қытай-Қазақстан Іскерлік кеңесінің 6-шы отырысында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қорға қосылды, қордың алғашқы жабылу мөлшері 242,4 млн АҚШ долларын құрады.

2.2. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 - 2020 жылдар кезеңінде ҚКМ қызметінің қаржылық жай-күйі мен тиімділігін талдау ҚКМ аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде жүргізілді.

Кіріс депозиттері, бағалы қағаздар және туынды құралдар бойынша сыйақылар түрінде өтімді порт-

фельден, сондай-ақ дивидендтер, пайыздар төлеуге байланысты ТИҚ портфельдік компанияларынан алынған стратегиялық портфельден, сондай-ақ ТИҚ портфельдік компанияларындағы қатысу үлестерін сатудан түскен кірістерден алынды. 2020 жылы ҚКМ табысы 6 777 млн теңгені құрады.

млн теңге

Кірістер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Стратегиялық қоржынның кірістері	3 682	1 148	71
Қазынашылық портфельден түскен кірістер	3 698	2 981	1 533
Инвестицияларды қайта бағалаудан болған кірістер және инвестициялар бойынша есептелген кірістер	4 033	1 056	1 882
Бағамдық айырмадан түсетін кірістер	10 124	-	3 291
Резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер	-	920	-
Басқа кірістер	9	109	-
Барлығы:	21 546	6 214	6 777

Есепті кезеңде «BV Management» ЖШС, DBK Equity Fund C. V. дивидендтері және Islamic Infrastructure Fund, Kazakhstan Capital Restructuring Fund, Wolfensohn Capital Partners және Baiterek Venture Fund қорларының жобалары бойынша инвестициялар құнының өсімінен табыстар алынды.


бос қаражатты инвестициялаумен байланысты.

2019 жылмен салыстырғанда туынды құралдардың әділ құнын қайта бағалау есебінен шығыстардың ұлғаюы байқалады. Шығыс бөлігі келесі кестеде берілген:

2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы Қазынашылық портфеліндегі кірістердің азаюы уақытша



млн теңге			
Шығыстар	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 031	1 497	1 322
Құнсыздануға арналған резерв	13 817	-	16
Туынды құралдар бойынша шығыстар	1 026	-	1 031
Бағамдық айырмадан болған шығындар	-	329	-
Басқа шығыстар	-	-	137
Барлығы:	15 874	1 826	2 506

2020 жылғы аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес 2 506 млн теңге сомасында оң қаржылық нәтиже алынды. Пайыздарды, салықтарды және амортизацияны (ЕБИТДА) төлегенге дейінгі пайда 4 281 млн теңгені, корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 1 766 млн теңгені құрады.



2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер 194 065 млн теңгені құрайды, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 2% - ға немесе 3 711 млн теңгеге жоғары.

Осыған ұқсас кезеңдегі міндеттемелер шығарылған борыштық бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдарының әділ құнын қайта бағалау есебінен 52 735 млн теңгені құрады.



Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы 55 млн қарапайым акцияны құрайды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық орналастырылған (төленген) акциялардың құны:

5) Бір қарапайым акцияға 40 000 теңге-орналастыру бағасы бойынша 10 000 қарапайым акция;

1) Бір қарапайым акцияға 1000 теңге номиналды құны бойынша 55 000 қарапайым акция;


6) Бір қарапайым акцияға 40 000 теңге-орналастыру бағасы бойынша 500 000 қарапайым акция;

2) Бір қарапайым акцияға 1000 теңге номиналды құны бойынша 39 985 000 қарапайым акция;

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қоғамына 53 550 000 дана қарапайым акциясы тиесілі. Акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы: акционер «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес құқылы.

3) Бір қарапайым акцияға 1000 теңге номиналды құны бойынша 12 000 000 қарапайым акция;

4) Бір қарапайым акцияға 15000 теңге номиналды құны бойынша 1 000 000 қарапайым акция;



2.3. 2020 ЖЫЛҒЫ ЕЛЕУЛІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



01

05.01.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен Қуатова Айнұр Саинқызы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма Төрайымы және директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

02

13.05.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігі бекітілді, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібі және қарапайымакциялар бойынша дивидендтерді төлеу, бір қарапайым акцияға арналған дивидендтің мөлшері бекітілді, акционердің «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне жүгінуі туралы, сондай-ақ 2019 жылы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынды.

03

12.08.2020

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Т.Э. Бегулиевтің өкілеттігі 2020 жылдың 12 тамызынан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды, Г.С. Маканалина 2020 жылдың 12 тамызынан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

04

26.08.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның 2019 жылғы жылдық есебі бекітілді.

05

02.09.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

06

30.09.2020

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Р.Б. Қуанышбаев 2020 жылғы 1 қазаннан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды, Е. Д. Қабдрахманов 2020 жылғы 5 қазаннан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болып сайланды.

07

21.10.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен 2020 жылғы 21 қазаннан бастап тәуелсіз директорлар, «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мүшелері И. Абрамов пен Я. Бжезинскидің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, 2020 жылғы 22 қазаннан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мүшелері, жаңа тәуелсіз директорлар Н. Пейдж және А. Үшбаевсайланды.

08

28.10.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен 2020 жылғы 21 қазаннан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Омаров Марат Талғатұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Нұрғожин Әділ Ергалиұлы Жалғыз акционердің өкілі ретінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

09

09.12.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға «QazTech Ventures» АҚ акцияларын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ акцияларын төлеуге беру жөніндегі жол картасы мақұлданды.

10

30.12.2020

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

2.4. 2020 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

DBKEF, BVF және KCM SDF қорының инвестициялық жобаларды қаржыландыруы

2020 жылы **KCM Sustainable Development Fund I C. V.** Маңғыстау облысында 3,1 млрд теңге сомасына газ піспекті электр станциясын салу жобасын («ОралМунайПром» ЖШС), 3,8 млрд теңге сомасына Нұр-Сұлтан қаласында кинотеатр салу жобасын («MerAc HC» ЖШС), 3,5 млрд теңге сомасына Нұр-Сұлтан қаласында өнімділігі жылына 5000 килограмм бекіре уылдырығы болатын тұйық сумен жабдықтау технологиясы бойынша автоматты балық фермасын салу жобасын («Аква Фактория» ЖШС), 1,2 млрд теңге сомасына Көкшетау қаласында ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ұйымдастыру жобасын («Kazrost» ЖК) Engineering Ltd « ЖШС) қаржыландырды.

DBK Equity Fund Нұр-Сұлтан қаласындағы «Continental Logistics» ЖШС көлік-логистикалық орталығына 4 млрд теңге сомасында инвестиция салды.

АҚ «Baiterek Venture Fund» Семей қаласындағы буып-түйетін бұйымдар өндірісін кеңейту («Казполиграф» ЖШС) жобасы бойынша 1,1 млрд теңге сомасына екінші транш инвестицияларын жүзеге асырды, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысында шошқа фермасына 100 000 басқа дейін кеңейту жобасы бойынша (ЖШС «EMC Agro») 2,3 млрд теңгеге екінші транш инвестицияларды салды. Екінші деңгейдегі банктерді тарта отырып, жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде Қор Алматы облысында 100 млн теңге сомаға демалыс аймағын дамыту жобасы («Бурундайские

минеральные воды» ЖШС) бойынша екінші транш берді, сондай-ақ 240 млн теңге сомаға Нұр-Сұлтан қаласында қонақүйді дамыту жобасы («ТТС Астана-2007 К» ЖШС) қаржыландырылды. 2020 жылдың ішінде Қор Макинск құс фабрикасының («Aitas KZ» АҚ) құрылыс жобасынан 2,3 млрд теңге сомасына ішінара шығуды жүзеге асырды. 2020 жылғы желтоқсанда «Алжур компаниялар тобы» Ақ жобасынан 3 млрд теңге сомасына толық шығу жүзеге асырылды. Жобаға салынған инвестиция сомасы 2 млрд теңгені құрады.

2019 жылы ҚКМ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі шешімімен бекітілген ҚКМ жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасы басталды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаға бөлінген 47,8 млрд теңгеден жалпы сомасы 34,77 млрд теңгеге 16 жоба қаржыландырылды, оның ішінде:

BVF Жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасы бойынша - 12,5 млрд теңге;
- Екінші деңгейлі банктерді тарту бағдарламасы бойынша -1,4 теңге;
- KCM SDF қаржыландыру бағдарламасы бойынша - 20,8 млрд теңге.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 3 банкпен үш негіздемелік келісім әрекет етті: «Банк ЦентрКредит» АҚ (2 млрд теңге), «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ (0,5 млрд теңге), «Сбербанк» АҚ ЕБ (0,9 млрд теңге).

Бағдарлама, әсіресе BVF және KCM SDF тікелей қаржыландыру бөлігінде кәсіпкерлер арасында үлкен сұранысқа ие. 2020 жылдың қорытындысы бойынша қаржыландырылған, қаралған жобаларды ескере отырып, бағдарламаны игеру 100 пайызды құрайды.

2.5. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҮДЕРІСІ

ҚКМ-те Директорлар Кеңесі бекіткен, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушыларды айқын анықтайтын құрылым бар. 2020 жылы ҚКМ жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді. Құрылым ҚКМ басқарушы директорына, Басқарма мүшесіне есеп беретін тәуекелдерді басқару департаментінің болуын қарастырады және өз қызметінде тәуелсіз бөлімше болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген саясат ҚКМ негізгі ішкі құжаты болып табылады және тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымын, органдардың, комитеттердің және құрылымдық бөлімшелердің, атап айтқанда Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің, Басқарманың, Инвестициялық комитеттің, Тәуекелдерді басқару департаментінің, Ішкі аудит қызметінің және өзге де құрылымдық бөлімшелерінің рөлі мен міндеттерін айқындайды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаттары төмендегілер болып табылады:

- тиімді кешенді жүйені құру және қоғамның элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерісін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру;

- Қоғам жұмысының тиімділігін және дамуының тұрақтылығын арттыру, шығындарды азайту, кірісті арттыру және капиталды неғұрлым тиімді пайдалану;

- Қоғамның өз қызметінің ауқымына барабар қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;

- дағдарыстық жағдайларда Қоғамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

ҚКМ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары:

- тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде Қоғамның жиынтық тәуекел элементтерін қарау;

- ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған деп қарастыруға тыйым салу;

- құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;

- хабардарлық – тәуекелдерді басқару объективті, рас және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүреді;

- үздіксіздік – тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылады;

- өзектілігі – тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тетіктерін үнемі жетілдіру;

- Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесін қоса алғанда, барлық құрылымдық бөлімшелердің «төменнен-жоғары» қағидаты бойынша тиісті тәуекелдердің өзгерістері, жағдайы және мөлшері туралы, барлық стандартты емес операциялар мен жағдайлар туралы ақпаратты уақтылы және дереу беруі;

- тартылушылығы - Қоғамның жоғары басшылығын, яғни Басқарма мен Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару және бақылау ортасын құру үдерісіне тарту;

- өкілеттіктерді бөлу - қызметкерлердің өкілеттіктерін нақты бөлу және қызметкердің жауапкершілік саласы мүдделер қақтығысына жол беретін жағдайларды болдырмау;

- тәуелсіздігі - қоғам қызметінің барлық бағыттары бойынша тәуекелдерді басқару операциялық қызметтен тәуелсіз қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерімен жүргізілуі тиіс;

- циклдік - тәуекелдерді басқару үдерісі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын циклін білдіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі келесі негізгі элементтерді қамтиды:

- мақсаттарды анықтау – ҚКМ сыртқы және ішкі көздерден тәуекелдердің әсеріне ұшырайды және тәуекелдерді басқару әдістерін сәйкестендіру, бағалау және әзірлеу тиімділігінің негізгі шарты мақсат қою болып табылады. ҚКМ мақсаттары мен міндеттері тәуекел тәбетімен келісіледі;

- тәуекелдерді сәйкестендіру – ҚКМ ұшыраған немесе ұшырауы мүмкін ішкі және сыртқы тәуекелдерді анықтау, ондай тәуекелдердің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін;

- тәуекелдерді өлшеу – ҚКМ тәуекелдерінің мөлшері мен ықтималдығын объективті белгілеуге мүмкіндік беретін жүйе мен құралдарды әзірлеу және пайдалану;

- тәуекелдерді азайту – залалдарға әкеп соқтыратын оқиғалардың немесе жағдайлардың туындау ықтималдығын азайтуға және (немесе) әлеуетті за-

лалдар мөлшерін азайтуға (шектеуге) бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды болжайды;


- тәуекелдерді бақылау - ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі және тәуекелдерге барынша жол берілетін лимиттерді (шектеулерді) белгілеу;

- тәуекелдер мониторингі – ҚКМ негізгі тәуекелдерінің деңгейін және барынша рұқсат етілген лимиттерді сақтауды тұрақты бағалау.

Тәуекелдерді басқару департаменті тоқсан сайын ҚКМ-ның негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді және ҚКМ Басқармасының және Директорлар кеңесінің қарауына шығарады. Екінші деңгейдегі банктердің тұрақсыз қаржылық жағдайын ескере отырып, ай сайын ЕДБ мен бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық жағдайына талдау жүргізеді.

гізіледі. Тәуекелдерді басқару департаменті олардың рейтингтерінің өзгеруі, банктердің ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерді сақтауы және т.б. туралы ақпаратты қамтиды, соның негізінде ҚКМ Басқармасының қарауына есеп шығарылады және қазынашылық портфелінің кредиттік тәуекелдерін төмендету бойынша тиісті шаралар қабылданады.

ҚКМ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№15/20 хаттама) тәуекелдердің 21 түрін қамтитын ҚКМ тәуекелдер тіркелімі бекітілді. Тәуекелдерді жіктеу үшін ҚКМ келесі сәттер бойынша тәуекелдерді топтастыру қолданылады: стратегиялық тәуекел, қаржылық тәуекелдер, құқықтық тәуекел, операциялық тәуекел және бедел тәуекелі.



2020 жылы Тәуекелдерді басқару департаменті ҚКМ бизнес-үдерістерінің тәуекел-аудитін жүргізді, оның нәтижелері ҚКМ Басқарма Төрағасына жеткізілді. Бизнес-үдерістерді, оларға тән тәуекелдерді және тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтау әдістемесіне сәйкес ҚКМ жоспарлы тәуекел-аудиті, егер тәуекелдерге ұшырау орташа немесе төмен болып табылған жағдайда, жылына кемінде 1 рет жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс шеңберінде 2020 жылы төмендегідей ішкі құжаттарды енгізу немесе өзектендіру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді:

- ҚКМ басқармасының 2019 жылғы 12 шілдедегі шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құнын анықтау әдістемесі (ҚКМ басқармасының 2020 жылғы 24 қарашадағы шешімімен өзектендірілген және бекітілген (№40/20 хаттама));

- Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 17 ақпандағы шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (№114 хаттама) (ҚКМ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 қарашадағы шешімімен өзектендірілді және бекітілді (№14/20 хаттама));

- 2019 жылғы 31 қазанда ҚКМ Басқармасының шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ бизнес-үдерістерінің тәуекел-аудитін жүргізудің 2020 жылға арналған жоспары (2020 жылғы 27 наурызда ҚКМ Басқармасының шешімімен жаңа редакциясы өзектендіріліп, бекітілді)

- 2019 жылғы 13 қарашада ҚКМ Басқармасының шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ жұмысын қалпына келтіру жоспары (2020 жылғы 16 наурызда ҚКМ Басқармасының шешімімен жаңа редакциясы өзектендіріліп, бекітілді)

2.6. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсіл, ұсынымдар беру және білім алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит қызметі өзінің қызметін адалдық, объективтілік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаттарына негізделі отырып жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері аудиторлық тексерулер мен кеңес беру шеңберінде талдау мен бағалауды жүргізу болып табылады:

- ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- корпоративті басқару жүйесінің тиімділігін және оны жетілдіру үдерісін, этикалық стандарттар мен құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету.

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі саясаттардың және өзге де құжаттардың талаптарын сақтау, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігі (комплаенс-бақылау);

- Қоғам органдарының шешімдерін және уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік органдардың ұйғарымдарын (ұсыныстарын) орындау;

- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-үдерістердің жеткіліктілігі және/немесе тиімділігі, Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін шаралар;

- ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігі және мүліктің (активтердің) сақталуын қамтамасыз етуге қолданылатын әдістер (тәсілдер);

- жасалатын операциялар мен мәмілелердің экономикалық орындылығы мен тиімділігі;

- есеп жүйесінің шынайылығы, толықтығы, объективтілігі және қаржылық есептілік пен қоғамның басқа да ақпаратының сенімділігі.

Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын бекітеді. Әрбір аудиторлық тексерудің нәтижелері Қоғам Басқармасының отырысында қаралады және талқыланады.

Ішкі аудит саласындағы қызметкерлердің құзыреті мен әлеуетін дамыту мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін кәсіби оқыту жоспарын бекітеді.

Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметінің басшысы тоқсан сайын қоғамның басқарма мүшелерінің қатысуынсыз Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі Комитетімен кездеседі.

2020 жылы Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен әдістеме мен өлшемдер негізінде Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесіне аудит жүргізілді. Ішкі бақылау жүйесінің 2019 жылғы және 2020 жылғы 9 айдағы тиімділік (жетілу) деңгейі «Оңтайландырылған» түрде айқындалған (96%) – ішкі бақылау жүйесінің негізгі элементтері «үздік іс-дағдыға» сәйкес келеді. Сондай-ақ, 2020 жылы Ішкі аудит қызметі жұмысының сапасына ішкі бағалау жүргізілді, оның нәтижелерін Аудит және тәуекелдер комитеті мен Қоғамның Директорлар кеңесі қарады.

2.7. 2020 ЖЫЛДАҒЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның құрылымына АҚ «Baiterek Venture Fund» және ЖШС «BV Management» (BVF және BVM) еншілес ұйымдары кіреді.

2.7.1. 2020 ЖЫЛҒЫ BVF ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2014 жылғы мамырда ҚКМ Директорлар кеңесі BVF құру туралы шешім қабылдады.

Қор жобаларды іздеуді және қаржыландыруды бизнес жоспарлар мен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу сатысында жүзеге асырады. Қор инвестициялайтын нысаналы секторлар индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның (ИИДМБ) неғұрлым басым салалары болып табылады. Инвестициялаудың географиялық бағыты Қазақстан Республикасы болып табылады, сондай-ақ жобаларды шетелде іске асыратын қазақстандық компанияларға инвестициялауға жол беріледі.

2020 жыл ішінде BVF жалпы сомасы 3,7 млрд теңгеге 4 жобаны: Нұр-Сұлтан қаласында ЕДБ тарта отырып, жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде «ТТС Астана 2007» ЖШС жобасы 240 млн теңге сомасына қаржыландырды. Жоба қонақ

үй кешенін дамытуға бағытталған.

Жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы аясында «Казполиграф» ЖШС (1,1 млрд теңге) және **«EMC Агро» ЖШС** (2,3 млрд теңге) қаржыландырылды. Екі жоба да 2019 жылы қол қойылған келісімдер аясында қаржыландырылды. «Казполиграф» ЖШС Шығыс Қазақстан облысында қағаз өнімдерін өндіру бойынша қызметті жүзеге асырады. Қаржыландыру қаптама бұйымдарының қолданыстағы өндірісін кеңейтуге бағытталған. «EMC Агро» ЖШС жобасы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеп тұрған шошқа фермасының қуатын арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ, демалыс пен ойын-сауықты дамытуға ЕДБ тарта отырып, жеңілдікті қаржыландыруға 100 млн теңге сомасына «Бурундайские минеральные воды» ЖШС екінші траншы беру жүзеге асырылды.

2020 жылы BVF инвестицияланған жобалар тізімі

№ р/с	Компанияның атауы	Инвестиция күні	Қысқаша сипаттама	Облыс/қала
1	«ТТС Астана-2007» ЖШС	2020, қазан	Қонақ үй бизнесін дамыту	Нұр-Сұлтан қаласы
2	«Казполиграф» ЖШС	2020, қазан	Қаптама бұйымдарының қолданыстағы өндірісін кеңейту	Шығыс-Қазақстан облысы
3	«EMC Агро» ЖШС	2020, қазан	Репродукторлық ферма, өсіру және бордақылау фермасы, жасанды ұрықтандыру станциясы және ет өңдеу кәсіпорны кіретін шошқа кешенін дамыту	Солтүстік Қазақстан облысы
4	«Бурундайские минеральные воды» ЖШС	2020, тамыз	Демалыс аймағын қаржыландыру	Алматы облысы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша BVF қаржылық жағдайы туралы есеп

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылы 31 желтоқсан	2019 жылы 31 желтоқсан
1	Активтер жиыны	мың теңге	82 614 347	86 838 752
2	Міндеттемелер жиыны	мың теңге	40 291 726	40 322 123
3	Меншікті капиталдың жиыны	мың теңге	42 322 621	46 516 629
4	Таза пайда	мың теңге	4 026 159	4 336 555
5	ROA, активтердің табыстылығы	%	5,65	5,12
6	ROE, капиталдың табыстылығы	%	12,99	9,76

2.7.2. 2020 ЖЫЛҒЫ BVM АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

BVM 2014 жылдың 23 желтоқсанында құрылды.

Қазіргі уақытта BVM тікелей инвестициялар қорларын басқару жөніндегі Бас әріптес (басқарушы компания) болып табылады: DBKEF және KCM SDF. DBKEF «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ мен «ҚДБ - Лизинг» АҚ қолдау көрсеткен жобаларға инвестиция салады.

2020 жылы DBKEF Нұр-Сұлтан қаласындағы қойма жайларын жалға беру жобасы үшін 4 млрд теңге сомасына Continental Logistics ЖШС қаржыландыруды жүзеге асырды.

KCM SDF Қазақстан Республикасының аумағындағы жобаларға инвестиция салады. 2020 жылы KCM SDF жалпы сомасы 11,6 млрд теңгеге 4 жобаны қаржыландыруды жүзеге асырды:

- «MerAC HC» ЖШС 3,8 млрд теңге сомасына кино-театр құрылысы,
- «AquaFactoria» ЖШС 3,5 млрд теңге сомасына «өнімділігі жылына 5000 килограмм бекіре уылдырығын тұйық сумен жабдықтау технологиясы бойынша автоматты балық фермасын салу» жобасы;
- «Kazrost Engineering» ЖШС 1,2 млрд теңге сомасына «Көкшетау қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймағында ауыл шаруашылық техникасын құрастыруды ұйымдастыру» жобасы;
- «Оралмұнайпром» ЖШС 2019 жылы мақұлданған 3,1 млрд теңге сомасына газ піспекті электр станциясын салу жобасы.

2020 жылы BVM басқаратын қорлардың инвестиция салған жобалар тізімі

№ р/с	Компанияның атауы	Инвестиция күні	Қысқаша сипаттама	Облыс/қала
DBKEF				
1	«Continental Logistics» ЖШС	2020, наурыз	Көлік-логистикалық орталық, қойма жайларын жалға беру жобасы	Нұр-Сұлтан қаласы
KCM SDF				
2	«MerAC HC» ЖШС	2020, маусым	Қарызды қайта қаржыландыру және кинотеатр салу	Нұр-Сұлтан қаласы
3	«AquaFactoria» ЖШС	2020, желтоқсан	Тұйық сумен жабдықтау технологиясы бойынша автоматты балық фермасын салу	Нұр-Сұлтан қаласы
4	«Kazrost Engineering» ЖШС	2020, желтоқсан	Ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ұйымдастыру	Көкшетау қаласы
5	«Оралмұнайпром» ЖШС	Ақпан 2020	Газ піспекті электр станциясын салу жобасы	Орал қаласы



2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша BVM қаржылық жағдайы туралы есеп

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылы 31 желтоқсан	2019 жылы 31 желтоқсан
1	Активтер жиыны	мың теңге	190 960	226 519
2	Міндеттемелер жиыны	мың теңге	48 613	67 595
3	Меншікті капиталдың жиыны	мың теңге	142 347	158 924
4	Таза пайда	мың теңге	48 105	59 547
5	ROA, активтердің табыстылығы	%	28,98	28,53
6	ROE, капиталдың табыстылығы	%	39,06	39,53

03

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



3.1. 2020-2023 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНЕ АРНАЛҒАН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2020 жылы ҚКМ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стратегиясына сәйкес 2014-2023 жылдарға арналған өзектендірілген Даму стратегиясы бекітілді. Осы Стратегия әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық мемлекеттік саясатты ескере отырып әзірленді және ҚКМ 2014 – 2023 жылдарға арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттары мен міндеттерін айқындайды.

ҚКМ Стресстік активтер сегменттеріне қатысу, мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің инфрақұрылымдық жобаларына инвестиция салу және венчурлік қаржыландыру арқылы экономиканың шикізаттық емес салалардағы жобаларды қолдауды жүзеге асыратын болады:

1. ҚКМ стрессті активтер сегментіне халықаралық/өңірлік институционалдық инвесторлардың қатысатын арнайы мақсаттағы қорлар құру арқылы қатысатын болады. Бұл құрал өтімділігі төмен және капиталға мұқтаж кәсіпорындарды қайта

құрылымдау үшін кәсіпорындардың қызмет көрсете алмайтын стресстік активтерін - борыштық міндеттемелерін инвестициялау арқылы қолдау көрсетеді.

2. ҚКМ институционалдық инвесторлардан қаражат тарта отырып, ҚКМ/Холдингтің жаңа қорын және/немесе жаңа еншілес ұйымын құру арқылы дағдарыс жағдайында ірі жұмыс берушілер және ШОБ-тың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алушылар бола алатын мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің инфрақұрылымдық жобаларына инвестиция салады.

3. Технологиялық саладағы компанияларды қаржыландыру үшін ҚКМ қысқа мерзімді перспективада институционалдық әріптестермен бірлесіп қаржыландыру және ұзақ мерзімді перспективада жаңа венчурлік қорлар құру арқылы венчурлік қаржыландыру сегментіне қатысатын болады.

ҚКМ дамуының стратегиялық бағыттары

1. ТИ нарығын және Қазақстанның ұлттық экономикасын ілгерілету және дамыту.

Мақсаты: өңірлік және халықаралық әріптермен ынтымақтастық арқылы Қазақстанның жоғары инвестициялық тартымдылығы:

- ТИ әлеуетін инвестицияланатын капитал, байланыстардың іскерлік желісі, ҚКМ қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқылы активтер класы ретінде іске қосу;
- Мемлекеттік, оның ішінде «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму, индустриялық-инновациялық даму (ИИДМБ) бағдарламаларын іске асыруға қатысу;
- Жергілікті және өңірлік басқарушы компаниялармен (GP) тығыз ынтымақтастық бірлескен инвестициялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуына әкеледі;
- ТИ халықаралық конференциялары мен форумдарына қатысу.

2. ҚКМ инвестициялық портфельін ұлғайту.

Мақсаты: портфельдік компаниялардың қосымша құнын құруға белсенді қатысу арқылы ШОБ сегментіндегі портфельдік компаниялардың құнын ұлғайту және ҚКМ портфельінің инвестициялық тартымдылығын арттыру:

- Аймақтағы нарық көшбасшысы болу үшін үлкен әлеуетке ие ШОБ субъектілерін дамыту;
- Халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға (ESG) негізделген тұрақты бизнесті дамытуға жәрдемдесу;
- Негізгі салалардағы байланыстардың іскерлік желісін дамыту, кәптивті қорлармен бірлескен жұмыс және инвестициялық активтерді сатып алуда GP командаларын қолдау арқылы портфельдік компаниялардың қосымша құнын құру;
- Қазақстанның басым экономикалық секторларының бәсекеге қабілеттілігін диагностикалауды жүргізу арқылы инвестициялау үшін тартымды салаларды анықтау, сондай-ақ салалық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- Жауапты инвестициялау қағидаттары бойынша БҰҰ қауымдастығына кіру (un Principles of Responsible investments) (екі тарап та оң шешім қабылдаған жағдайда);
- Сыртқы инвесторлар үшін ҚКМ портфельінің тартымдылығын арттыру мақсатында ТИ бағалауда ESG меншікті стандарттарын дамыту.

3. Ұйымның өнімділігін арттыру.

Мақсаты: операциялық үдерістерді жақсарту арқылы жоспарланған табыстылығы пен шығынсыздық деңгейін сақтай отырып, ҚКМ үздіксіз қызметін қамтамасыз ету:

- Әрбір инвестиция бойынша кірістіліктің оң нормасын тәуекелсіз мөлшерлеме деңгейінен жоғары белгілеуге және инвестициялар портфелі құнының жылдық мультипликаторына 1-ден жоғары қол жеткізуге бағытталу;
- ҚКМ инвестициялық комитетінің (бұдан әрі - ИК) және еншілес ұйымдарының бизнес-үдерістерін жетілдіру;
- Кәптивті қорларды дамыту (BVF, DBKEF, KCM SDF);
- Оң операциялық кіріс (EBIT) алу және қосымша капиталды қызметті кеңейту бастамалары үшін ғана пайдалану;
- Инвестициялық бизнес-жоспарды және инвестициялық портфельдің нысаналы құрылымын әзірлеу;
- Корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару жүйесін, ат жүйесін жақсарту, сондай-ақ тиісті құзыреттерді дамыту.

4. Табыс көздерін әртараптандыру

Мақсаты: пассивті кіріс көздерін дамыту, мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділікті төмендету және МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стрестік активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту арқылы кіріс және қаржыландыру көздерін әртараптандыру:


- Жаңа сыртқы қорлар есебінен кіріс және қаржыландыру көздерін әртараптандыру және бөлінбеген пайда мен сыртқы қаржыландыру көздері есебінен меншікті капитал құрылымын күшейту;
- Басқару үшін пассивті кірісті әртараптандыру және жаңа стратегияларда қажетті сараптама алу үшін бірнеше GP-де миноритарлық үлестерді іріктеп сатып алу;
- ҚКМ венчурлік қаржыландыру нарығын дамытуға қатысуы;
- ҚКМ Стресстік активтер нарығына қатысуы;
- ҚКМ МЖӘ инфрақұрылымдық жобалар нарығын дамытуға қатысуы.

3.2. ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚКМ Даму стратегиясында анықталған ҚКМ қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін орындау 2023 жылға жоспарланған. Төменде 2020 жылдың 9 желтоқсанында Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№15/20 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2019-2023 жылдарға ар-

налған даму жоспарының (бұдан әрі – даму жоспары) мақсатты мәндерімен салыстырғанда барлығы орындалған 2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚКМ қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің мәні берілген:

№	Қызметтің негізгі көрсеткіші	Өлшем бірлігі	2023 жылға арналған нысаналы мәні	2020 жыл		
				2020 жылға арналған Даму жоспарына сәйкес нысаналы мәні	2020 жылға факт	2020 жылға ҚНҚ орындалу дәрежесі (%)
1	ҚКМ қаражатының бірлігіне ҚР-ға тартылған инвестициялардың коэффициенті	%	Кемінде 2	Кемінде 1,5	1,67	111%
2	ҚКМ жалпы активтерінен инвестициялық портфельдің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда)	%	63,83%	69,73	71,63	103%
3	Жаңаларының саны ТИ нарығындағы бастамалар	бірлік кум.	4	1	1	100%
4	Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кәптивті инвестицияларды қоса алғанда) қорлар)	млн теңге	4 500	14 528	16 183	111%
5	ROE	%	1,07	-17,09	1,78	210%
6	ROA	%	0,86	1	1,30	130%
7	Коэффициент левериджа	арасалмағы				
8	ҚКМ жалпы табысын басқару үлесі	%	2020 жылға арналған нысаналы мәндер жоқ (осы бағыттағы ҚКМ дамытуға уақыт беру мақсатында осы ҚНҚ орындау мониторингі 2022 жылдан бастап жүзеге асырылатын болады)			





4.1. 2020 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қоғамның корпоративтік басқару кодексі Қоғамның Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы шешімімен («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма отырысының № 01/18 хаттамасы) (бұдан әрі - Корпоративтік басқару кодексі) бекітілді. Корпоративтік басқару кодексі Қоғам ішінде және нарықтың басқа қатысушыларымен қарым-қатынаста корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қоғам өз қызметі үдерісінде ұстанатын ережелер мен ұсынымдар жиынтығы болып табылады.

Қоғам Корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және олардың капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Қоғам Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге өз үлесі және Қоғамның қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің нақты аражігін ажыратуды көздейді.

Қоғамның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындық, кәсібилік, құ-

зыреттілік және тұрақты даму негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және қоғамның табысты қызметіне ықпал етеді.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- тұрақты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы мен объективтілік қағидаттары.

Корпоративтік басқару кодексінде жазылған корпоративтік басқару қағидаттары Қоғамды басқарумен байланысты туындайтын қатынастарға сенім қалыптастыруға бағытталған және Корпоративтік басқару кодексінде қамтылған барлық қағидалар мен ұсынымдардың негізі болып табылады.



№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

1. Өкілеттіктердің, аражігін ажырату қағидаты

1.1	Қоғамның Жалғыз акционері мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында өз өкілеттіктерін анықтап алады, ол Қоғамның мүдделеріне де, Жалғыз акционердің мүдделеріне де ықпал етпейді. Қоғамның Жалғыз акционерінің функциялары Қоғам мен оның еншілес ұйымдары қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету және Қоғам мен оның еншілес ұйымдары қатысатын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.	Сақталады	<p>Қоғам өз қызметін Қоғам органдары арасында құзыреттерді бөлуге сәйкес дербес заңды тұлға ретінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына, қоғамның жарғысына және Жалғыз акционердің Жарғысына сәйкес қабылдайды.</p> <p>Жалғыз акционер Қоғамды басқаруға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қоғамның жарғысында көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін және Қоғамның директорлар Кеңесіндегі өкілдікті іске асыру арқылы ғана қатысады.</p>
1.2	Қоғамның жалғыз акционері қоғамға толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.	Сақталады	<p>Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, толығымен тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын, дербес балансы бар, Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар, меншікті, оның ішінде корреспонденттік, банктік шоттар ашуға құқылы, мүлкітік және жеке мүлкітік емес құқықтарды өз атынан сатып ала және жүзеге асыра алады, міндеттемелер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.</p> <p>Қоғамның негізгі қызметі Қоғамның Жарғысына, ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асыру болып табылады.</p> <p>Қоғам қызметінің мақсаты жалпы инвестициялық және инновациялық белсенділікті арттыруға жәрдемдесу, инвестициялық қорларға инвестициялау жолымен Қазақстанның тікелей инвестициялар нарығын дамыту болып табылады.</p> <p>Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.</p> <p>Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.</p>

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

1.3	Жалғыз акционер мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) Қоғамның Директорлар кеңесі және/немесе Басқармасы арқылы тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының рөлі мен функцияларының аражігі нақты ажыратылған және Қоғам құжаттарында бекітілген.	Сақталады	<p>Қоғам мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясының сақталуын, органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты аражігін ажыратуды, Қоғам органдарының шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауын, Қоғам қызметіндегі үдерістердің тиімділігін, заңнамаға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Қоғамда Директорлар кеңесі туралы (Холдинг басқармасының 28.11.2018 жылғы № 53/18 шешімі) және Басқарма туралы (Қоғамның Директорлар кеңесінің 06.11.2020 жылғы № 14/20 шешімі) ережелер, сондай-ақ тиісті айқындамалар үшін лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үдерістерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз етеді.</p>
1.4	Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі мыналар арасындағы өзара қарым-қатынасты көздейді: 1) Жалғыз акционер; 2) Директорлар кеңесі; 3) Басқарма; 4) мүдделі тараптар; 5) Жарғыға сәйкес айқындатылатын өзге де органдар. Корпоративтік басқару жүйесі, оның ішінде: 1) мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды қамтамасыз етеді; 2) органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды қамтамасыз етеді; 3) Қоғам және оның еншілес ұйымдары органдарының уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауын қамтамасыз етеді; 4) Қоғам және оның еншілес ұйымдары қызметіндегі үдерістердің тиімділігін қамтамасыз етеді; 5) заңнамаға, осы Кодекске және Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Қоғам және оның еншілес ұйымдары органдар (егер мұндай ережелер Қоғамның жарғысында қарасты-	Сақталады	<p>Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді және қоғам органдары арасындағы өкілеттіктердің ара жігін нақты айқындайды.</p> <p>Жарғымен, Қоғамның Директорлар Кеңесі туралы ережемен және Қоғам Басқармасы туралы ережемен, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылғы 19 қазандағы № 121 хаттама) бекітілген Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне жататын Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесімен Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының өкілеттіктерін бөлу көзделген.</p> <p>Осыған ұқсас, қоғамның еншілес ұйымы – «Baiterek Venture Fund» АҚ-да Жарғымен, «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережемен және «Baiterek Venture Fund» АҚ Басқармасы туралы Ережемен, «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар Кеңесінің бекітуіне жататын «Baiterek Venture Fund» АҚ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесімен (20.12.2018 жылғы № 56), «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар кеңесі мен басқармасының өкілеттіктерін бөлу көзделген.</p>

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

рылмаған жағдайда) және құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, сондай-ақ тиісті ұстанымдар үшін лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үдерістерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз етеді.

1.5	Қоғам және оның еншілес ұйымдары өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады.	Сақталады	2020 жылы Қоғам қызметінің жаңа бағыттарына (венчурлік қаржыландыру, мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің инфрақұрылымдық жобалары, Стрестік активтер) және инвестициялық мандаттың кеңеюіне (04.09.2020 ж. № 11/20 ҚКМ ДК хаттамасы) байланысты өзінің даму стратегиясына өзгерістер енгізді.
-----	--	-----------	---

2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

2.1	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Қоғамға және оның еншілес ұйымдарына инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Осыған байланысты Қоғамда және оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қоғамның тиімді қызметіне ықпал етуге және оның қызметінің табыстылығына қол жеткізуге бағытталған.	Сақталады	<p>Қоғам – ұлттық экономиканың тұрақты дамуына, Қазақстанда private equity инфрақұрылымын қалыптастыруға, экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тартуға, жетекші халықаралық тәжірибені пайдалануға, жетекші халықаралық тәжірибені, инновациялық білім мен технологияларды private equity-де пайдалану ықпал ету үшін, 2007 жылы құрылған private equity қорлар қоры. ҚКМ халықаралық институционалдық инвесторлармен бірлесіп private equity қорларын тиімді басқарады. ҚКМ қатысуымен тікелей инвестициялар қорлары (ТИҚ) одан әрі өсу және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында экономиканың түрлі секторларындағы компанияларға капитал береді.</p> <p>Қоғамның жалғыз акционері «Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады.</p> <p>Холдинг «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылған. Қоғамның Директорлар кеңесінің бес мүшесінің екеуі жалғыз акционердің өкілдері болып табылады.</p>
-----	---	-----------	--

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

Қоғам Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген (Холдинг Басқармасының 2017 жылғы 16 тамыздағы № 32/17 хаттамасы) АҚ туралы заңда және Қоғам жарғысында қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысудан көрінетін корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде оның мүдделерін қорғауды, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексіні бекіту, Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма төрағасын сайлау, сыртқы аудиторды бекіту, жылдық қаржылық есептілік және т. б. бойынша негізгі шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Қоғамның қызметі туралы ақпарат Жалғыз акционерге толық көлемде беріледі және тең және әділ шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Жалғыз акционердің АҚ туралы заңда, Қоғам Жарғысында көзделген айрықша құзыреті сақталады.

Жыл сайын Қоғам Жалғыз акционерге жылдық қаржылық есепті, таза табысты бөлу тәртібін, жылдық есепті бекітуге жібереді.

Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелерге арналған материалдар Қоғамның Жарғысында белгіленген мерзімде дайындалып, жіберіледі және мәселелерге негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтиды.

Жалғыз акционердің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, Қоғам органдары 2020 жыл ішінде қабылдаған шешімдерді даулау үшін мемлекеттік және сот органдарына жүгіну фактілері жоқ.

2.2	Қоғам Жалғыз акционерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді. Қоғам қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер негізгі коммерциялық қызметпен біріктірілген жағдайда, бұл мақсаттар ашық көрсетіліп, мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.	Сақталады	<p>Қоғам Жалғыз акционерге ақпаратты уақтылы ашып көрсетуді қамтамасыз етеді:</p> <p>- АҚ туралы заңға, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес корпоративтік оқиғалар туралы;</p> <p>- «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Ақпараттық саясатында көзделген мәселелер тізбесі бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер туралы (31.07.2018 жылғы № 06/18 хаттама).</p> <p>Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам құжаттар мен ақпаратты АҚ туралы заңға және Қоғамның ішкі нормативтік</p>
-----	---	-----------	---

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

2.3	Дивидендтердің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде көрсетілген Қоғамның таза табысының сомасына сүйене отырып жүргізіледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасын есепке ала отырып ескеріле отырып дивидендтер төлеу мөлшері айқындалады.	Сақталады	<p>құжаттарына сәйкес ұсынады. 2020 жыл ішінде Жалғыз акционерге басқарушылық және қаржылық есептілік мерзімді ұсынылып отырды. Қоғам мен жалғыз акционер арасында ақпарат алмасу қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Қоғам Холдинг Басқармасының шешімімен бекітілген (2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібін басшылыққа алады, ол Холдингтің еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындаудың бірыңғай тәсілдері мен қағидаттарын белгілейді.</p> <p>Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің тиісті шешімімен регламенттеледі.</p> <p>Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес (холдинг басқармасының 2020 жылғы 13 мамырдағы № 22/20 хаттамасы) 1 095 396 600 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.</p> <p>Төленген дивидендтер сомасы тиімді дивидендтік саясат қағидаттарына қайшы келмейді.</p>
-----	---	-----------	--

3. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты

3.1	Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқаруды және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, қоғамның жарғысына,	Сақталады	<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен (Холдинг басқармасының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 53/18 хаттамасы) бекітілген Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген</p> <p>Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді. Бұл қағидатты Қоғамның Директорлар кеңесі іс жүзінде сақтайды. Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер</p>
-----	--	-----------	---

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

3.2	<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдерінен, Қоғамның Басқарма төрағасынан, Тәуелсіз директорлар және өзге тұлғалар қатарынан тұрады.</p> <p>Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.</p>	Сақталады	<p>мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережеде қарастырылған өздеріне жүктелген міндеттерді орындайды, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін адал және ақылға қонымды, толық хабардар болу, адал, белсенді, мұқият және кәсіби негізде әрекет ету міндеті.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.</p> <p>2020 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі құрамында Директорлар кеңесінің 5 мүшесі болды, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі Жалғыз акционердің өкілдері болып табылады, 2 мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады және Директорлар кеңесінің 1 мүшесі Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылады.</p> <p>Тәуелсіз директорлар Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып табылады.</p> <p>Тәуелсіздік өлшемшарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы озық әлемдік тәжірибелермен айқындалған.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесі жанынан ұсынымдар дайындау үшін 3 (үш) комитет құрылып, жұмыс істеуде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Аудит және тәуекелдер комитеті; 2) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет; 3) Стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму комитеті.
-----	--	-----------	---

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

Аудит және тәуекелдер комитеті құрамы

2020 жылғы 31.12. жағдай бойынша:

Н. Р. Пейдж	Комитет Төрағасы
Ә.Д. Үшбаев	Комитет Мүшесі
Ә.Е. Нұрғожин	Комитет Мүшесі

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы

2020 жылғы 31.12. жағдай бойынша:

Үшбаев Ә.Д.	Комитет Төрағасы
Пейдж Н.Р.	Комитет Мүшесі
Нургожин А.Е.	Комитет Мүшесі

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

2020 жылғы 31.12. жағдай бойынша:

Пейдж Н.Р.	Комитет Төрағасы
Үшбаев Ә.Д.	Комитет Мүшесі
Ә.Е. Нұрғожин	Комитет Мүшесі

3.3 Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер және Қоғам Басқармасы арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.

Сақталады

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы АҚ туралы заңға, Жарғыға, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру тәсілімен сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және жүргізеді;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге тағайындалған күн тәртібін бекітеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы талқыланатын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің көзқарасын білдіру еркіндігі қағидатын ұстанады, келісілген шешім іздеуге, Директорлар кеңесі мүшелерінің консенсусқа қол жеткізуіне, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің бірыңғай команда ретінде жұмыс істеуі

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

3.4 Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін, қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстарды өткізу кестесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстардың санын барынша азайту қажет. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің көзбе-көз дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

Сақталады

үшін жағдай жасау мақсатында тиімді көшбасшылыққа ықпал етеді.

Директорлар кеңесі өз қызметтерін тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары 2018 жылғы 29 қарашадағы ҚКМ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген жұмыс жоспарына (№10/18 хаттама) сәйкес өткізіледі, Жұмыс жоспарында қаралатын мәселелер тізбесі мен өтетін күні көрсетіледі, отырыстарды өткізу кестесі қамтылады. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылы Директорлар Кеңесінің 7 күндізгі және 8 сырттай отырысы өткізіліп, 86 мәселе қаралды.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің 7 отырысы өткізілді, 22 мәселе қаралды; кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 7 отырысы, 17 мәселе қаралды; Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің 9 отырысы, 28 мәселе қаралды.

3.5 Қоғамның Директорлар кеңесі, комитеттері және Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жыл сайынғы бағаланады. Бұл ретте, кемінде үш жылда бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

Сақталады

Қоғамдағы корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына сәйкес Директорлар кеңесінің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің одан әрі тиімді дамуы айқындалады. Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында 2015 жылдан бастап Директорлар кеңесінің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарында Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайын бағалау қарастырылады.

Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес-Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымына дейін, жыл сайын, бағаланады.

Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау (бұдан әрі – ДК бағалау) жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. ДК-н бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрқайсысының

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

Қоғам дамуының стратегиялық міндеттеріне қол жеткізудегі үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. ДК бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін қайта сайлау немесе мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады. ДК бағалау Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізіледі және Қоғамның Директорлар кеңесіне мүмкіндік береді:

- Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің күшті және әлсіз жақтарына (артықшылықтары мен кемшіліктері) талдау жүргізіп, оны айқындауға;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысына түзетулер енгізу және оның қызметінің нысаналы бағыттарын түзету;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қоғамның стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін анықтау;
- Директорлар Кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігін айқындау;
- Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін айқындау;

ДК бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты тарту болып табылады. Бұл ретте, тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, кемінде үш жылда бір рет бағалау жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі шешімімен (№6/21 хаттама) Қоғамның Корпоративтік хатшысы жүргізетін «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметіне бағалау жүргізу бекітілді. Бағалау сауалнама әдісімен жүргізіледі.

3.6 Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма жүзеге асырады. Басқарма төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке сипаттамаларға, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады. Басқарма төрағасы жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерге ие, Жалғыз акционермен белсенді өзара іс-қимылда жұмыс істейді және Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және басқаруда мүдделі тараптармен сындарлы диалог құрады.

Сақталады

Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма нысанында алқалы орган жүзеге асырады.

Басқарма жұмысы Қоғам міндеттерін орындауға және Қоғамның даму стратегиясын іске асыруға бағытталған. Басқарма қызметі Басқарма отырыстарын өткізу тәртібі мен мерзімдерін, Басқарма мүшелерінің жауапкершілігін көздейтін Қоғам Басқармасы туралы ережемен регламенттелген, сондай-ақ Басқарма хатшысының негізгі функциялары регламенттелген.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

Қоғам Басқармасының сандық құрамы 5 (бес) мүшені құрайды, оның ішінде 1 басқарма төрағасы, 3 (үш) Басқарма төрағасының орынбасары және 1 (бір) Басқарушы директор – Басқарма мүшесі.

Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

3.7 Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіндегі басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және директорлар кеңесі мен жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

Сақталады

Басқарма Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды.

Басқарма Директорлар кеңесі бекіткен стратегияны, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіріп, оның ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін, қаржы құралдарымен операциялар енгізу және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді, қоғамның саясатын, жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарын олардың стратегияға, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, қоғамның тәуекелдер профиліне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалауды жүзеге асырады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: заңдылық, адалдық; парасаттылық; қиындылық; жүйелілік, кәсібилік, объективтілік болып табылады.

Басқарма қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

Қоғам Басқармасы туралы ережеге сәйкес Басқарма Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға және өз функцияларын Қоғам мүддесі үшін адал түрде жүзеге асыруға міндетті.

Басқарма Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес жылдық және жартыжылдық негізде Қоғам Басқармасының атқарған жұмысы туралы Директорлар кеңесіне есеп береді.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

3.8 Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционерімен өзара іс-қимылын жүргізу мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындайды.

Сақталады

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 наурыздағы шешімімен (№2/18 хаттама) Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілді. Ереже Қоғамның ұйымдық құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесіндегі корпоративтік хатшының мәртебесін, корпоративтік хатшыны лауазымға тағайындау және мерзімінен бұрын босату тәртібін, оның міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін, ұйымдастырушылық және техникалық қызметін қамтамасыз етуді айқындайды.

Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№3/20 хаттама) Қоғамның корпоративтік хатшысы болып Ж. Изжана, 2020 жылғы 2 қарашада (№13/20 хаттама) Қоғамның корпоративтік хатшысы болып К. Шарипова тағайындалды.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне, комитеттердің мүшелеріне мәжілістердегі материалдарды тиісті түрде дайындауды және ұсынуды қамтамасыз ету, мәжілістердің хаттамаларын дайындап, хаттамаларына қол қою, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінен үзінді көшірмелерін беру, Жалғыз акционер мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне жедел ақпарат беру бойынша үздіксіз жұмыстар жүргізеді.

3.9 Іскерлік этика қағидаттарын сақтау, Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Қоғам қызметкерлері, Жалғыз акционер немесе оның еншілес ұйымдары қатарынан Омбудсмен тағайындалуы мүмкін.

Сақталады

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 1 наурыздағы шешімімен (№3/19 хаттама) «Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ -ның Комплаенс қызметінің басшысы - Р.И. Арыстанбеков 2 жыл өкілеттікпен Қоғамның омбудсмені болып тағайындалды.

Омбудсменнің рөлі оған жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларына, дау-жанжалдарға қатысушыларға кеңес беру және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды (оның ішінде, қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтауды) ескере отырып, оларға өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдем көрсету, жұмыскерлер мен қоғамның проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдем көрсету болып табылады.

Қоғамның Омбудсмені Қоғамның Іскерлік этика кодексінің ережелерін, оның ішінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы бөлігіндегі бұзушылық туралы дауларды қарауға бастама жасайды және оларды реттеуге қатысады.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

4. Тұрақты даму қағидаты

4.1 Қоғам және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптардың мүдделерін тең сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптардың жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Сақталады

Қоғамда орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құрудағы қоғам ұстануға тиіс негізгі нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау мақсатында Директорлар кеңесі 2019 жылғы 9 наурызда (№4/19 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның Орнықты даму саясатын әзірледі және бекітті. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Қоғам өзінің миссиясына, Холдингтің/Қоғамның даму стратегиясына сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық тәртіптің нормалары мен қағидаттарын пайдаланады. Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Қоғам өз қызметінің үздік халықаралық іс-дағдыға сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

Қоғам Басқармасы орнықты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғам мүдделі тараптардың мүдделерін тең сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара әрекеттесу тәсілі Қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Ашықтық, есептілік, айқындық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу орнықты даму саласындағы қағидаттар болып табылады. Жалпы, бұл қағидаттарды Қоғам қолданады және сақтайды.

Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Жалғыз акционер оның еншілес ұйымдары үшін бірыңғай саясатты, әдістемелік ұсынымдарды және корпоративтік стандарттарды қалыптастырады және бекітеді.

Қоғам тұрақты негізде орнықты түрдегі даму қағидатын Қоғамның Жалғыз акционерінің бекітуіне жататын Қоғамның жылдық есебі шеңберінде ашады.

Омбудсменге 2020 жыл ішінде бұзушылық туралы етініштер түскен жоқ.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4.2	Қоғам және оның еншілес ұйымдары орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын әзірлейді.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (04.09.2020 № 11/20 хаттама) Қоғамның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы және қоғамның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2020-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жаңа редакцияда бекітілді, оның құрылымында тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары көрсетілген.

4.3	Қоғам және оның еншілес ұйымдары ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өздерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімін қамтамасыз етеді. Қоғам мен оның еншілес ұйымдарындағы тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.	Сақталады	<p>Қоғам ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімін қамтамасыз етеді. Қоғам өз қызметі шеңберінде Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде бекітілген тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады. Қоғам өз қызметінде адам құқықтарын қорғау, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатыны туралы мәлімдейді.</p> <p>Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалпыға танылған стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға барынша ұқыпты және ұтымды қарау қағидаттарын ұстанады.</p> <p>Қоғам экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін өзінің есеп беретінін түсінеді, ресурстарға (энергияны, шикізатты, суды қоса алғанда) ұқыпты қарау арқылы өз қызметінің қоршаған ортаға және қоғамға теріс әсерін барынша азайтуға ұмтылады.</p> <p>2020 жылы Қоғам қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтамағаны үшін айыппұлдар салу туралы жағдайлар болған жоқ.</p>
-----	--	-----------	---

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4.4	Қоғам және оның еншілес ұйымдары қызметтің пайдальығына ұмтылады, тұрақты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтайды.	Сақталады	Қоғам барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды және өз қызметін дамыту және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастыққа ұмтылады.

4.4	Қоғам және оның еншілес ұйымдары өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға ықпал жасайды немесе олардың ықпалын сезінеді. Тұрақты даму саласындағы қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.	Сақталады	Қоғам қызметкерлерінің, серіктестердің және үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылған жағдайда, Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде әрекет етеді.
	Мүдделі тараптар Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының қызметіне оң да, теріс те ықпал етуі мүмкін, атап айтқанда пайдалылыққа қол жеткізуге, тұрақты дамуға, бедел мен имиджге әсер етіп, тәуекелдер туындатуға немесе оны төмендетуі мүмкін. Қоғам және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптармен болатын тиісті өзара іс-қимылға маңызды мән береді.		Қоғам қызметкерлерінің, серіктестерінің және үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуы туралы тіркеу болған жоқ.
			Қоғамның қызметі туралы мүдделі тараптарды ақпараттандыруға арналған жұмыс «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының арнайы медиа-жоспарына және желілік кестесіне сәйкес жүргізіледі. Стейкхолдерлерге арналған ақпарат (Қоғам қызметі, экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау құралдары, табыс тарихы және басқалар туралы жаңалықтар) тұрақты негізде Қоғамның ресми сайтында www.kcm-kazyna.kz өзектендіріледі «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ әлеуметтік-жауапты компания ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ашық және төзбейтін қоғам құруға ұмтылады. Өз қызметінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ жоғары этикалық стандарттарды және бизнесті ашық әрі адал жүргізу қағидаттарын ұстанады, сондай-ақ корпоративті мәдениетті жетілдіруге, корпоративті басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға және іскерлік беделді тиісті деңгейде қолдауға ұмтылады. Компания кез-келген формадағы және көріністегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатын сақтайды.
			«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындауына қатысты сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, оның атқаратын лауазымына қарамастан жазаның қолданылмай қалмайтындығын жариялайды.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты

5.1	Қоғамда өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдардың, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді.	Сақталады	<p>Қоғамда Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесінің қатысушыларын нақты анықтайтын құрылым бар. Құрылым Басқарма Төрағасына тікелей есеп беретін Тәуекелдерді талдау және басқару қызметінің болуын көздейді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген саясат тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымын, органдардың, комитеттердің және құрылымдық бөлімшелердің: Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің, Басқарманың, Инвестициялық комитеттің, Тәуекелдерді талдау және басқару қызметінің, Ішкі аудит қызметінің және құрылымдық бөлімшелердің рөлі мен міндеттерін айқындайды.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаттары төмендегілер болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тиімді кешенді жүйені құру және Қоғамның элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерісін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру; • Қоғам жұмысының тиімділігін және дамуының тұрақтылығын арттыру, шығындарды азайту, кірісті арттыру және капиталды неғұрлым тиімді пайдалану; • Қоғамның өз қызметінің ауқымына барабар қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету; • дағдарыстық жағдайларда Қоғамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету. <p>Тәуекелдерді талдау және басқару қызметі тоқсан сайын Қоғамның негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді және оны Қоғам Басқармасы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарады. Коммерциялық банктардың тұрақсыз қаржылық жай-күйін ескере отырып, Қазақстанның қаржы жүйесі бойынша және әрбір банк бойынша жеке-жеке тоқсан сайынғы талдау жүргізіледі, оның негізінде Инвестициялық комитеттің қарауына есеп ұсынылады және қазынашылық портфельдің кредиттік тәуекелдерін төмендету бойынша тиісті шаралар қабылданады.</p>
-----	--	-----------	--

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

Ішкі аудит қағидаттары.

Қоғамда Директорлар кеңесінің ұсынысымен Қоғамның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз тиімді кепілдіктер мен кеңес беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Ішкі аудит қызметі құрылды. Ішкі аудит Қоғамға тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративті басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын бекітеді. Әрбір аудиторлық тексерудің нәтижелері Қоғам Басқармасының отырысында қаралады және талқыланады. Аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері, нақты айқындаулар, Қоғам Басқармасы қабылдаған түзету іс-қимылдарының тиісті ұсынымдары мен жоспарлары тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Қоғам органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын;
- 2) ХНІАКП, оның құрамдас элементтері аудиттің анықтамасы, миссиясы, кәсіби тәжірибесінің негізгі қағидаттары, ішкі аудиторлардың этика кодексі (бұдан әрі – Этика кодексі), ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар), сондай-ақ практикалық нұсқаулар мен оларға басшылық жасау болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері талдау және бағалау жүргізу болып табылады:

- ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- стандартты емес және төтенше жағдайлар кезеңіндегі Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және (немесе) қызметін қалпына келтіруге бағытталған іс-қимыл жоспарына сәйкес стандартты емес және төтенше жағдайлар кезінде қабылданған шараларды ескере отырып, деректер базасының тұтастығын бақылауды және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден және (немесе) пайдаланудан

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

қорғауды қоса алғанда, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің пайдаланылуын ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін арттыру; бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығы, толықтығы, объективтілігі және қоғамның қаржылық есептілігі мен басқа да ақпаратының сенімділігі, сондай-ақ осындай ақпаратты (жоспарлар мен есептілікті) ішкі және сыртқы пайдаланушыларға сәйкестендіру, өлшеу, жіктеу және ұсыну үшін пайдаланылатын ережелерді (қағидаттарды, әдістерді) бағалау;

- ресурстарды, активтерді пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігі және оларды есепке алуды, сақтауды (қалпына келтіруді) және/немесе қауіпсіздікті (қорғауды) қамтамасыз етудің қолданылатын әдістері (тәсілдері);
- * жасалатын операциялар мен мәмілелердің экономикалық орындылығы мен тиімділігі;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның ішкі саясаттары мен өзге де құжаттарының талаптарын сақтау, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігі (комплаенс-бақылау);
- * Қоғам органдарының шешімдерін және уәкілетті (қадағалаушы) мемлекеттік органдардың ұйғарымдарын (ұсыныстарын) орындау;
- * Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-үдерістердің жеткіліктілігі және/немесе тиімділігі, Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін шаралар;
- * корпоративті басқару жүйесінің және оны жетілдіру үдерісінің тиімділігін арттыру, корпоративті басқарудың қабылданған қағидаттарын, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды сақтау.

Ішкі аудит саласындағы қызметкерлердің құзыреті мен потенциалын дамыту мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерін кәсіптік оқытудан өткізу жоспарын бекітеді.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

5.2 Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін және корпоративті басқару іс-дағдысын жүйелі түрде тәуелсіз бағалайтын Ішкі аудит қызметі құрылды.

Сақталады

Ішкі аудит қызметі қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсіл, ұсынымдар беру және білім алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит қызметі өзінің қызметін адалдық, объективтілік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаттарына негізделі отырып жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері аудиторлық тексерулер мен кеңес беру шеңберінде талдау мен бағалауды жүргізу болып табылады:

- ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- корпоративті басқару жүйесінің тиімділігін және оны жетілдіру үдерісін, этикалық стандарттар мен құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету.
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі саясаттардың және өзге де құжаттардың талаптарын сақтау, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігі (комплаенс-бақылау);
- Қоғам органдарының шешімдерін және уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік органдардың ұйғарымдарын (ұсыныстарын) орындау;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-үдерістердің жеткіліктілігі және/немесе тиімділігі, Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін шаралар;
- ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігі және мүлктің (активтердің) сақталуын қамтамасыз етуге қолданылатын әдістер (тәсілдер);
- жасалатын операциялар мен мәмілелердің экономикалық орындылығы мен тиімділігі;
- есеп жүйесінің шынайылығы, толықтығы, объективтілігі және қаржылық есептілік пен қоғамның басқа да ақпаратының сенімділігі.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын бекітеді. Әрбір аудиторлық тексерудің нәтижелері Қоғам Басқармасының отырысында қаралады және талқыланады.

Ішкі аудит саласындағы қызметкерлердің құзыреті мен потенциалын дамыту мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерін кәсіптік оқытудан өткізу жоспарын бекітеді.

Ішкі аудит қызметі тоқсан сайын аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметінің басшысы тоқсан сайын қоғамның басқарма мүшелерінің қатысуынсыз Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі Комитетімен кездеседі.

2020 жылы Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен әдістеме мен өлшемдер негізінде Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесіне аудит жүргізілді. Ішкі бақылау жүйесінің 2019 жылғы және 2020 жылғы 9 айдағы тиімділік (жетілу) деңгейі «Оңтайландырылған» түрде айқындалған (96%) – ішкі бақылау жүйесінің негізгі элементтері «үздік іс-дағдыға» сәйкес келеді.

Сондай-ақ, 2020 жылы Ішкі аудит қызметі жұмысының сапасына ішкі бағалау жүргізілді, оның нәтижелерін Аудит және тәуекелдер комитеті мен Қоғамның Директорлар кеңесі қарады.

6. Корпоративті қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты

6.1 Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, Қоғамның қызметкерлері, өзінің кәсіби функцияларын қақтығыстарды болдырмай, акционерлердің және Қоғамның мүдделеріне орай, адал және саналы түрде атқарады. Корпоративті қақтығыстар болған (туындаған) жағдайда қатысушылар Қоғамның және мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жүргізу арқылы

Сақталады

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына және қоғамның ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасындағы қатынастар өзара сенімге, құрметке, есеп беруге және бақылауға негізделеді.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің қоғамның ішкі құжаттарына

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

оларды шешудің жолдарын табады. Бұл ретте қоғамның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе омбудсменге жанжалдың болуы (туындауы) туралы уақытылы хабарлайды.

Корпоративті қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі осындай қақтығыстарды толық және жедел анықтауды және Қоғамның барлық органдарының іс-қимылын үйлестіруді болжайды.

қатысты үстемдігін тани отырып, қоғамның лауазымды тұлғалары мен өзге де қызметкерлерінің өз қалауы бойынша шешім қабылдауына жол бермей, жүзеге асырады.

Қоғамда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның Іскерлік этика кодексі қолданылады (2018 жылғы 23 қазандағы №09/18 хаттама). Іскерлік этика кодексінің мақсаттары корпоративті басқарудың тиімділігін арттыруға және қызметкерлермен, клиенттермен, жеткізушілермен, іскер әріптестермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен іскерлік мінез-құлықтың жалпы қабылданған стандарттары мен нормаларын қолдану арқылы табысты өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдесуге бағытталған Қоғам қатынастарын жетілдіру, жүйелеу және реттеу болып табылады. Іскерлік этика кодексіне сәйкес Қоғам қызметкерлері Кодекс нормаларын сақтау туралы міндеттеме қабылдайды.

Қоғамның Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзу жөніндегі дауларды оңтайлы реттеу Қоғамның Омбудсменіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, корпоративті жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын іске асыру мақсатында қоғамда Омбудсмен институты енгізілді.

Омбудсменнің міндеттеріне жеке және заңды тұлғалардан Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы мәліметтерді, шағымдарды және өзге де өтініштерді жинау, оларды қарауды қамтамасыз ету, сондай-ақ іскерлік этиканы қолдану бойынша туындайтын дауларды қарауды, мүдделер қақтығысын реттеуді ұйымдастыру кіреді.

Қоғамның барлық қызметкерлері, клиенттері, серіктестіктері және өзге де мүдделі тұлғалар Омбудсменге өтініш білдіруге құқылы.

Қоғамда корпоративті жанжалдарды келіссөздер немесе өзге де баламалы тәсілдер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс. 2020 жылы іскерлік этиканы, Қоғамдағы еңбек заңнамасының нормаларын бұзу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштер Омбудсменге түскен жоқ.

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

6.2	<p>Директорлар кеңесі корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты мен ережелерін бекітеді және мерзімді түрде қайталап қарайды, бұл ретте олардың шешімі Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделеріне барынша жауап беретін болады.</p> <p>Директорлар кеңесі өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге Директорлар кеңесінің корпоративтік жанжалдың мәні туралы барынша хабардар болуын және корпоративтік жанжалды шешудегі делдалдың рөлін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.</p> <p>Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген корпоративтік жанжалдарды қарайды (мысалы, егер осы органның әрекеттері (әрекетсіздігі) жанжалдың мәні болып табылса).</p>	Сақталады	<p>Қоғамдағы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін үйлестіру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен (№89 хаттама) жанжалдарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы мәселелер шеңберінде Қоғам органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерін реттейтін Корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат бекітілді.</p> <p>Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін мүдделер қақтығысына жол бермей, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін тиісті қамқорлықпен және ұқыптылықпен адал және ақылға қонымды түрде орындайды. Олар өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына ғана емес, сонымен қатар этикалық стандарттар мен іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларына толық түрде сәйкестігін қамтамасыз етеді.</p> <p>2020 жылы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бұзу жағдайлары тіркелген жоқ. Мүдделер қақтығысын реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда үлестес тұлғалардың тізімі жүргізіледі. Қоғамдағы ықтимал мүдделер қақтығысын бақылау үшін Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты үнемі ұсынып отырады. Қоғамда Омбудсмен тағайындалды. Омбудсменнің функциясына Қоғамның іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтамау мәліметтерін жинау, Кодекс ережелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына кеңес беру, Кодекс ережелерін бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оған қатысуы кіреді.</p> <p>Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Қоғам қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды болдырмай, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін адал және тиімді түрде орындайды.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшесі - Қоғамдағы тәуелсіз директормен азаматтық-құқықтық шарт жасалады, онда Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған талаптарды, оның ішінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша талаптарды сақтау шарттары көрсетіледі. 2020 жыл ішінде Қоғамда Корпоративтік</p>
-----	---	-----------	---

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
----------	--	---	--

			<p>хатшы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы оқиғаларын тіркеген жоқ.</p> <p>Қоғамның Омбудсмені Қоғамның Іскерлік этика кодексінің ережелерін, оның ішінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысы бөлігіндегі бұзушылық туралы дауларды қарауға бастама жасайды және оларды реттеуге қатысады.</p> <p>Омбудсменге 2020 жыл ішінде бұзушылық туралы өтініштер түскен жоқ.</p>
7. Қоғам қызметі туралы ақпараты ашудағы нақтылық және әділдік			
7.1	<p>Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік пен басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және нақты көрсетеді.</p>	Сақталады	<p>Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында оның қызметіне қатысты барлық елеулі фактілер туралы, оның ішінде қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, қоғамның меншік және басқару құрылымы, корпоративтік оқиғалар туралы дәйекті ақпаратты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес корпоративтік басқарудың озық іс-дағдыларына сәйкес өзге де ақпаратты уақтылы ашуды қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланады.</p> <p>Қоғамның барлық іс-шаралары мен маңызды корпоративтік оқиғалары баспасөз хабарламалары мен ақпараттық хабарламаларды шығару арқылы таратылады.</p> <p>Қоғам туралы ақпаратты ашып көрсетудің принциптері, нысандары мен тәсілдері, сондай-ақ тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 шілдедегі шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Ақпараттық саясатымен реттеледі (№6/18 хаттама).</p> <p>Ақпаратты ашық көрсету барысында Қоғам коммерциялық, қызметтік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де ақпаратты қорғалуы тиістілігін ескереді. Мұндай ақпаратқа қол жеткізу шарттарын Қоғам компания қызметінің ашықтығы мен айқындылығына сәйкес оның мүдделеріне нұқсан келтірмеуге бағытталған тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін ескере отырып айқындайды. Қоғамның барлық қызметкерлері коммерциялық құпиясы бар ақпараттарды және басқа да құпия ақпаратты жарияламау бойынша жазба-</p>

№ р/с	Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталған / ішінара сақталған / сақталмайды	Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	--	---	--

ша міндеттемелер қабылдайды. АҚ туралы заңға сәйкес Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізеді

4.2. КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



ҚКМ-не корпоративті басқарудың тұрақты әртарапандырылған құрылымы енгізілген, ол ҚКМ корпоративті басқару кодексінің нормаларымен және басқа да ішкі құжаттармен реттеледі. Қоғам өз жұмысында мынадай негізгі құндылықтарды қояды:

- 1) жауапкершілік: ниеттер мен әрекеттер үшін;
- 2) кәсіпқойлық: кәсіби қызмет міндеттерін орындауға жоғары дайындық;
- 3) команда: бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық;
- 4) адалдық: Қоғам ішінде және серіктестеріне

адалдық;

- 5) әлеуметтік жауапкершілік: Қоғам қызметінің қоғамдық саланың мүдделі тараптарына әсері үшін жауапкершілік.

Корпоративті басқарудың тиімді құрылымы ҚКМ қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, ҚКМ қызметі туралы ақпаратты ашудағы ашықтықты, органдар мен лауазымды тұлғалар арасындағы жедел өзара іс-қимылды болжайды және табысты қызметке, соның ішінде құндылықтың өсуіне, ҚКМ қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығын қолдауға ықпал етеді.

4.3. КОМПАНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жалғыз акционер туралы ақпарат

ҚКМ-ның Жалғыз акционері «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.

Жалғыз акционердің миссиясы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ миссиясы «Стратегия – 2050» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы болып табылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның пайымы – ең үздік стандарттарға сәйкес бизнеске арналған қолдау құралдарын ұсынатын және Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейін арттыратын озық даму институты.

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу жөніндегі өз миссиясын іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шешетін маңызды міндеттер мыналар болып табылады:

- 1) экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- 2) кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту;
- 3) шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау;
- 4) өнімділікті арттыру;
- 5) АӨК-дегі қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жарақтандыру және қарқынды деңгейін арттыру;
- 6) экономиканың урбанизациясын қолдау.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ даму институттары арқылы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларды іске

асыру жолымен мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысты:

- Ұлт жоспары - «100 нақты қадам»;
- Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар – «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» бағдарламалары;
- Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар – Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы;
- Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспары.

Жалғыз акционерді дамытудың стратегиялық бағыттары

Қызметтің стратегиялық бағыттары:

- Кәсіпкерлікті қолдау;
- Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;
- Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету;

Дамудың бес бағыты шеңберіндегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттер:

- Мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің үлесін ұлғайту;
- ЕҰ функцияларының портфелін қайта қарау;
- Корпоративті орталықтан еншілес ұйымдардың директорлар кеңестеріне және басқармаларына басқару функцияларын орталықсыздандыру;
- Жұмысты ұйымдастырудың жаңа құзыреттілігі мен әдістерін құру.

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ын бірыңғай Холдингке біріктіру және Холдингтің еншілес ұйымдарын одан әрі оңтайландыру.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Директорлар кеңесі АҚ туралы Заңмен және/немесе Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, оның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын ҚКМ-тің алқалы басқару органы болып табылады.

Директорлар Кеңесі алдыңғы қатарлы тәжірибені қолдануға және қорлардың тиімділігі мен көрсеткіштерін бақылауды сақтауға мүмкіндік беретін салада айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар 5 мүшеден тұрады. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік

пен жауапкершілік, және қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ҚКМ Жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады және стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын анықтайды, қызметтің орта және ұзақ мерзімді перспективаға негізделген бағдарларын белгілейді, Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

4.5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

2020 жылы 15 отырыс өткізілді (7 күндігі және 8 сырттай). Есепті кезеңде 86 мәселе бойынша шешімдер қаралып, қабылданды, оның ішінде ең маңызды шешімдер:

- 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының жылдық жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін алдын ала бекіту және 2019 жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының «Da Vinci Emerging Technologies Fund III» тікелей инвестициялар қорына қатысуының негізгі шарттарын, сондай-ақ «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының жасалуына мүдделілігі бар мәміле жасасуды бекіту туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы Басқармасының сандық құрамын айқындау туралы.

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Kazakhstan Infrastructure Fund C. V. тікелей инвестициялар қорына қатысуының негізгі шарттарына өзгерістерді бекіту туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы Ереженің жаңа редакциясын бекіту туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» және «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамдары арасында «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының жасалуына мүдделілігі бар консорциалдық келісім жасасу туралы;

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің қарауына «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсыну туралы.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚКМ Директорлар кеңесінің құрамы

Айдар Әбдіразақұлы Әріпханов	ҚКМ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарманың төрағасы
Әділ Ерғалиұлы Нұрғожин	ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Басқарушы директоры
Пейдж Николас Роберт	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Әнуар Даниярұлы Үшбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Айнұр Саинқызы Қуатова	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚКМ-нің Басқарма төрағасы

* 2020-жылдың ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында төмендегі тәуелсіз директорлар өз функцияларын орындады:

1. Игорь Абрамов;

2. Яцек Бжезински;

22 жылдың 2020 қазанынан бастап олар ауыстырылды:

3. Николас Пейдж

4. Әнуар Үшбаев

2020 жылдың 28 қазанынан бастап Марат Талғатович Омаровты Әділ Ерғалиұлы Нұрғожин ауыстырды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ӘРЕКЕТ ЕТКЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



**Айдар Әбдіразақұлы
ӘРІПХАНОВ**

Директорлар кеңесінің төрағасы

2017 жылдың 05 сәуірінен бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазіргі уақытта - «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының төрағасы.

Әр жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Қазақтелеком» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Қаржы вице-министрі, ҚР Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының орынбасары, ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі, ҚР Премьер-Министрінің Кеңесшісі, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары, ҚР Ұлттық экономика вице-министрі лауазымдарын атқарған.

1991-1995 - Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қаржы-кредит факультеті, экономист

1998-2000 - ҚР СІМ Дипломатиялық академиясының тыңдаушысы, үздік диплом

2007-2008 - «Болашақ» Президенттік бағдарламасының стипендиаты, Колумбия университеті, мемлекеттік әкімшілік магистрі (MPA)

2015-2016 - Лондон бизнес мектебі, іскерлік әкімшілік магистрі (MBA)



**Әділ Ерғалиұлы
НҮРҒОЖИН**

Директорлар кеңесінің мүшесі
Жалғыз акционердің өкілі

2020 жылдың 28 қазанынан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі.

Аудит және тәуекелдер комитетінің, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің мүшесі.

15 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Еңбек жолын 2004 жылы Алматы қаласында «ГРАТА» заң фирмасының кіші заңгері болып бастаған. 2005 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР Ұлттық биотехнология орталығы» РМК бас директорының көмекшісі болып жұмыс істеді.

2007-2009 жылдары «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» АҚ-ның Маркетинг және жарнама, содан кейін Стратегиялық даму департаменттерін басқарды.

2009-2012 жылдары – тау-кен және химия өнеркәсібіндегі инвестициялық жобалар департаментінің директоры, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-нің басқарушы директоры.

2012-2018 жылдары - «VTB Capital I2BF» ЖШС-нің бас директоры.

2018 жылдың қыркүйегінен бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның басқарушы директоры болып тағайындалды. Жобалық қаржыландыру, инновациялық жобаларды дамыту және ақпараттық технологияларды енгізу мәселелеріне жетекшілік етеді.

Қазақ ұлттық университетін, Монтана университетін (АҚШ), Ланчжоу университетін (ҚХР) бітірген. Мемлекеттік басқару магистрі, бизнес-әкімшілендіру магистрі. Ағылшын, түрік, қытай тілдерін еркін меңгерген.



**ПЕЙДЖ
Николас Роберт**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

2020 жылдың қазан айының соңында «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің төрағасы, сондай-ақ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі.

Пейдждің Халықаралық қаржы және бірігу мен қарамағына алу мәмілелері саласында 30 жылдық кәсіби тәжірибесі бар.

Қазіргі уақытта Н. Р. Пейдж Arabesque компаниясының қаржы директоры болып табылады, компания активтер мен деректерді басқаруда тұрақты даму және жасанды интеллект тәжірибелерін енгізумен айналысады. Ол бұған дейін Ұлыбританиядағы PricewaterhouseCoopers LLP серіктесі болған, онда қаржы институттары мен жеке инвесторларға бірігу және сатып алу мәмілелері бойынша кеңес беріп, бірқатар басшылық қызметтер атқарған. Пейдж мырза EuroChem Group AG және SUEK Group компанияларының директорлар кеңестерінде атқарушы емес директор болды.

1990 жылы Loughborough University университетін «Азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша үздік бітірді және Англия мен Уэльстегі дипломды бухгалтерлер институтының (ICAEW) мүшесі.



**Әнуар Даниярұлы
ҮШБАЕВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

2020 жылдың 22 қазанынан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, Аудит және тәуекелдер комитетінің, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің мүшесі.

Инвестициялық банкингте, капитал нарығында және Еуропа мен Еуразия құрлығы елдеріндегі инвестицияларды басқаруда мол тәжірибесі бар, биржалық және жеке инвестициялау, корпоративтік қаржылық мәмілелерді сүйемелдеу, макроэкономикалық саясат бойынша маман болып табылады.

Ұлыбритания мен Франциядағы Société Générale CIB-те акционерлік және борыштық капиталды тарту, бірігу және сатып алу мәмілелері бойынша келіссөздер мен транзакцияларды құрылымдауда айтарлықтай тәжірибесі бар. Бұрын Société Générale CIB-те институционалдық клиенттер (банктер, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары), сондай-ақ негізінен дамушы елдердің корпоративтік клиенттері үшін активтер мен пассивтерді басқару бойынша кешенді құрылымдалған шешімдерді әзірлеуге назар аударған.

Лондондағы Goldman Sachs-тегі Systematic Alpha Trading тобында деривативтер мен алгоритмдік сауданы пайдалана отырып, статистикалық арбитраж негізінде сауда стратегиялары мен инвестициялық шешімдерді әзірлеумен айналысты.

Экономика бакалавры, University of Warwick, Қолданбалы математика және қаржы магистрі, Imperial College London дәрежесіне ие.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ӘРЕКЕТ ЕТКЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



**Айнұр Саинқызы
ҚУАТОВА**

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма төрағасы

Жалғыз Акционердің шешімімен 2020 жылғы 6 қаңтардан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ -на тағайындалғанға дейін 2016 жылдан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның басқарушы директоры – басқарма мүшесі лауазымын атқарды, жобалық қаржыландыру, мемлекеттік - жекешелік әріптестік, экспорттық қолдау мәселелеріне және инвесторлармен жұмыс істеуге жетекшілік етті.

Мемлекеттік қызметте және корпоративті басқару саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Әр жылдары «Ланкастер Инвест» АҚ, «КМК Мұнай» АҚ, «Карповский Северный» АҚ компанияларында басшылық қызметтерді атқарған. Мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бөлім бастығы, Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің кеңесшісі ретінде жұмыс істеді.

2012 жылдан 2015 жылға дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның басқарма төрағасының бизнесті трансформациялау және стратегия жөніндегі орынбасары және «Астана ЭКСПО-2017» АҚ-ның басқарма төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Middlesex University-нің іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесі бар (Лондон қ.). Сонымен қатар Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономика бакалавры дәрежесі бар.



**Игорь
АБРАМОВ**

Тәуелсіз директор
(ҚКМ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі 2020 жылғы 21 қазанда мерзімінен бұрын тоқтатылды)

2013 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор болып сайланды.

Джорджтаун университетінің заң факультетін бітірген (Вашингтон қаласы) және Колумбия университеті (Б.А., Нью-Йорк). Заң ғылымдарының докторы. Халықаралық сауда және инвестициялар, халықаралық іскерлік операциялар, корпоративті басқару, этика және сәйкестік мәселелері, сондай-ақ АҚШ-тың экспорттық бақылау ережелерін реттеу бойынша кеңес берумен айналысады. Израильдің Жоғарғы Сотында сот клеркі және Jackson, Tufts, Cole & Black (Сан-Франциско қ., Калифорния штаты) компаниясында қауымдастырылған адвокат болып жұмыс істеді. 1990 жылдан 1994 жылға дейін MRA Overseas Resources, Intl компаниясында Вице-президент және Бас кеңесші қызметін атқарды, (Сан-Франциско қ., Калифорния штаты). 1997-2008 жылдар аралығында АҚШ сауда министрлігінің Халықаралық сауда басқармасында (қ. Вашингтон, Колумбия округі) Ресей, Украина және Еуразия бойынша аға кеңесші лауазымында және тиімді басқару бағдарламасының директоры ретінде қызмет атқарады. 2008 жылдан 2014 жылға дейін Heenan Blaikie LLP және Heenan Blaikie Management, Ltd (Торонто қ., Канада) халықаралық даму бойынша Серіктес және Вице-президент қызметін атқарды. (Канада, Торонто). 2014 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы қарашаға дейін Dorsey and Whitney LLP компаниясында Серіктес қызметін атқарды. Қазіргі уақытта Abramov & Associates LLP компаниясының Басқарушы Сеіктесі болып табылады.



**Яцек
БЖЕЗИНСКИ**

Тәуелсіз директор
(ҚКМ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі 2020 жылғы 21 қазанда мерзімінен бұрын тоқтатылды)

2016 жылғы сәуірде қоғамның тәуелсіз директоры - Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. Познань қаласындағы (Польша) Экономикалық университеттің «Халықаралық экономикалық қатынастар» факультетін бітірген. 1979 жылы магистр, 1987 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 1987 жылы Венадағы Халықаралық бизнес және Қаржы мамандығы бойынша екі жылдық аспирантурадан өткеннен кейін Дипломатиялық академия дипломын алды. Бжезински мырзаның Инвестициялық банкинг, корпоративті қаржыландыру, жобалық қаржыландыру және халықаралық бизнесті дамытуды қоса алғанда, халықаралық қаржы және банк ісі саласында 25 жылдық кәсіби (жедел және басқарушылық) тәжірибесі бар. 1994 жылдан 1996 жылға дейін-Қазақстандағы ЕҚДБ-нің бірінші тұрақты өкілі, жергілікті бөлімшенің басшысы.

Әртүрлі жылдары Венадағы «Ba-CA Futures AG»-де (австриялық Creditanstalt – Bankverein банкінің еншілес кәсіпорны), ВРІС-те - алты банк құрған консультациялық/инвестициялық-банктік компанияда жұмыс істеді: ÖVAG (Австрия), Natexis Banque Populaire (Франция), DZ-Bank (Германия), Istituto Centrale delle Banche Popolari Italiane (Италия), Caisse centrale Desjardins (Канада), banque Centrale populaire du Maroc (Марокко).

«Central Profit Banka», Сараево; «Travnicka Banka», Травник; және «Privredna Banka» Сараево, Босния және Герцеговина, оларды қайта құрылымдау және сату кезінде (2000 -2005 жылдар) «Privredna Banka» Бақылау кеңесін басқарды. Төмендегі Банктердің Директорлар кеңесінің құрамына кірді: «Цесна Банк» АҚ, Астана (2007-2013 жылдар), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Астана (2007-2015 жылдар), ҰБД Банк, Нижний Новгород, Ресей, (2011-2012 жылдар), БТА Банк, Алматы, Қазақстан.



**Марат Талгатұлы
ОМАРОВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі
(2020 жылдың 28 қазанынан бастап ҚКМ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды)

2019 жылдың 10 маусымынан бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы мамырда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2010 жылы Йорк университетін үздік бітіріп, Әлеуметтік ғылымдар бакалавры (философия, саясаттану және экономика) дипломын алды. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты. 2010-2012 жылдары Лондон Экономика және саяси ғылымдар мектебінде (LSE) оқып, экономика ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2017 жылы Stanford Business School-да «Инновация және кәсіпкерлік» бағдарламасы бойынша оқудан өтті.

2012-2014 жылы - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің кеңесшісі (кейіннен – экономика және бюджеттік жоспарлау, ұлттық экономика) қызметін атқарды.

2014-2016 жылдары - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің тарифтік және институционалдық саясатты қалыптастыру департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды.

2016-2017 жылдары - «Қазақтелеком» АҚ-ның Басқарушы директоры қызметін атқарды.

2017-2019 жылдары - «QazTechVentures» АҚ-ның (бұрын – «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік») Басқарма төрағасы қызметін атқарды.

Директорлар кеңесін қалыптастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу үдерісі

Директорлар кеңесінің дербес және сандық құрамы Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесін қалыптастыру және Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Тәуелсіз директорларды іріктеу үдерісі АҚ туралы заңға, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысына, ҚКМ корпоративтік басқару кодексін, ҚКМ Директорлар кеңесі

туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 5 мүшеден -Директорлар Кеңесінің Төрағасынан, Жалғыз акционердің өкілінен, ҚКМ өкілінен және 2 тәуелсіз директордан құралады.

ҚКМ Директорлар кеңесінің комитеттері

Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін ҚКМ-де төмендегідей комитеттер құрылды және жұмыс істейді:

- Аудит және тәуекелдер комитеті;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;

• Стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму комитеті.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің комитеттерін тәуелсіз директорлар арасынан Директорлар кеңесінің мүшелері басқарады.

Аудит және тәуекелдер комитеті

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаты Комитет туралы ережеге сәйкес ҚКМ-ның барлық бөлімшелерінің жұмысына ішкі бақылауды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жүйесін құру және ҚКМ Директорлар кеңесі үшін тиісті ұсынымдар әзірлеу және Директорлар кеңесіне тәуекел-менеджменттің барабар жүйесінің болуын және жұмыс істеуін бақылау саласында оның реттеуші және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға жәрдемдесу, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту және оларды талдау, корпоративті басқару мәселелерін қарау болып табылады.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет туралы Ережеге сәйкес Комитеттің сандық құрамы 3 адам-

нан кем емес мөлшерде айқындалады. Комитет мүшелері болып Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар бола алады.

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады. Басқарма төрағасы Аудит жөніндегі комитет төрағасының міндеттерін орындай алмайды.

Тәуелсіз болып табылмайтын Директор, егер Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы тұлғаның аудит жөніндегі комитетке мүшелігі Жалғыз акционердің және/немесе қоғамның мүддесінде қажет деп шешсе, Комитет құрамына сайлануы мүмкін.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамындағы мүшелерінің кем дегенде біреуінің бухгалтерлік есеп және есептілік және/немесе қаржы және/немесе аудит саласында терең білімі болуы тиіс.

Комитеттің хатшысы ҚКМ-нің корпоративтік хатшысы болып табылады.

01.01.2020 жылғы жағдай бойынша Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

Я. Бжезински	Комитет төрағасы
И. Абрамов	Комитет мүшесі
М.Т. Омаров	Комитет мүшесі

31.12.2020 жылғы жағдай бойынша Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

Н. Р. Пейдж	Комитет төрағасы
Ә.Д. Үшбаев	Комитет мүшесі
Ә.Е. Нұрғожин	Комитет мүшесі

2020 жылы Комитеттің 7 отырысы өткізілді, тиісті ұсынымдар қаралды және әзірленді.

ҚКМ Директорлар кеңесіне 22 мәселе бойынша ұсынымдар, оның ішінде:

- ҚКМ тәуекелдері бойынша есептерді алдын ала қарау туралы;
- 2019 жылға ҚКМ жылдық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін алдын ала қарау туралы;
- Коронавирус пандемиясының (COVID19) «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының инвестициялық портфеліне әсер ету қаупі туралы аралық есепті қарау туралы;

• ҚКМ-нің ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы тұрақты есептерді алдын ала қарау туралы;

• ҚКМ-нің ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін құжаттардың жобаларын қарау туралы;

• «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған тәуекел-тәбетін алдын ала қарау туралы

• Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарау туралы.

2020 жылы Аудит және тәуекелдер комитеті мүшелерінің отырыстарына қатысу*:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1/20 25.02	№2/20 23.04	№3/20 14.05	№4/20 27.05	№5/20 14.07	№8/20 05.11	№9/20 08.12
Я. Бжезински	+	+	+	+	+		
И. Абрамов	+	+	+	+	+		
М.Т. Омаров	+	+	+	+	+		
Н. Р. Пейдж						+	+
Ә.Д. Үшбаев						+	+
Ә.Е. Нұрғожин						+	+

* Шартты белгілер:

1) «+»- қатысты

2) «бос ұяшық» – Комитет мүшесі болған жоқ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесі үшін ҚКМ Директорлар кеңесі мен Басқармасына кіретін тұлғаларды іріктеу және олардың сәйкестігін, ҚКМ-нің Директорлар кеңесі мен Басқармасына кіретін тұлғалардың, Корпоративтік хатшының жұмысы мен сыйақы өлшемдерін бағалау, сондай-ақ ҚКМ-нің кадрлар, ынталандыру, сыйақы және әлеуметтік мәселелер саласындағы саясатының негізгі қағидаттары бойынша объективті ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы Ережеге сәйкес Комитеттің сандық құрамы Директорлар кеңесінің мүшелері мен комитетте жұмыс істеу үшін кәсіби білімі бар сарапшылар (қажет болған жағдайда) қатарынан директорлар Кеңесінің шешімімен айқындалады. Комитет құрамының саны 3 адамнан кем болмауы тиіс. Кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады. Басқарма Төрағасы Комитет төрағасының міндеттерін орындай алмайды.

Комитеттің хатшысы ҚКМ-нің корпоративтік хатшысы болып табылады.

01.01.2020 жылғы жағдай бойынша Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

И. Абрамов	Комитет төрағасы
Я. Бжезински	Комитет мүшесі
М.Т. Омаров	Комитет мүшесі

31.12.2020 жылғы жағдай бойынша Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

Ә.Д. Үшбаев	Комитет төрағасы
Н. Р. Пейдж	Комитет мүшесі
Ә.Е. Нұрғожин	Комитет мүшесі

2020 жылы Комитеттің 7 отырысы өткізілді, ҚКМ-нің Директорлар кеңесіне 17 мәселе бойынша тиісті ұсынымдар қаралды және әзірленді, оның ішінде:

- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері қызметінің 2021 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің карталарын алдын ала қарау туралы;
- Жаңа редакциядағы «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының (грейдтер не-

гізінде) кестесін алдын ала қарау туралы;

- «BV Management» ЖШС Бас директорының өкілеттік мерзімін анықтау туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚКМ Корпоративтік хатшысының ПӘК орындалуы туралы тұрақты есептерді қарау;
- 2019 жылғы ҚКМ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелерін талқылау бойынша.

2020 жылы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарына қатысу*:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1/20 25.02	№2/20 23.04	№3/20 27.05	№4/20 14.07	№5/20 30.09	№9/20 05.11	№10/20 08.12
Я. Бжезински	+	+	+	+	+		
И. Абрамов	+	+	+	+	+		
М.Т. Омаров	+	+	+	+	-		
Н. Р. Пейдж						+	+
Ә.Д. Үшбаев						+	+
Ә.Е. Нұрғожин						+	+

* Шартты белгілер:

1) « + » - қатысты

2) « - » - болмаған

«бос ұяшық» – Комитет мүшесі болған жоқ

Стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму комитеті

Комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады, оның негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне орта және ұзақ мерзімді перспективада Компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс - шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, ҚКМ-нің стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму жөніндегі комитет туралы Ережеге сәйкес Комитет кемінде екі тәуелсіз директорды қоса алғанда, кемінде үш мүшеден құралуы тиіс. Комитеттің құрамына дауыс беру құқығы жоқ, комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін.

01.01.2020 жылғы жағдай бойынша Стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму комитетінің құрамы:

И. Абрамов	Комитет төрағасы
Я. Бжезински	Комитет мүшесі
М.Т. Омаров	Комитет мүшесі

31.12.2020 жылғы жағдай бойынша стратегиялық жоспарлау және корпоративті даму комитетінің құрамы:

Н. Р. Пейдж	Комитет төрағасы
Ә.Д. Үшбаев	Комитет мүшесі
Ә.Е. Нұрғожин	Комитет мүшесі

2020 жылы Комитеттің 9 отырысы өткізілді, ҚКМ Директорлар кеңесіне 28 мәселе бойынша тиісті ұсынымдар қаралды және әзірленді, оның ішінде:

- ҚКМ стратегиялық портфелі бойынша тұрақты есептерді қарау туралы;
- ҚКМ-нің даму жоспарына түзетулер енгізу және орындалуын қарау туралы;
- «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның 2014-

2023 жылдарға арналған даму стратегиясын және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын жаңа редакцияда іске асыру жөніндегі 2020-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау туралы;

- Da Vinci Emerging Technologies Fund III тікелей инвестициялар қорының инвестициялауы үшін потенциалды қазақстандық жобалардың ағымдағы мәртебесі жөніндегі ақпаратты қарау туралы.

2020 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті мүшелерінің отырыстарына қатысу*:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1/20 25.02	№2/20 23.04	№3/20 27.05	№4/20 26.06	№5/20 14.07	№6/20 03.09	№7/20 07.10	№10/20 05.11	№11/20 08.12
Я. Бжезински	+	+	+	+	+	+	+		
И. Абрамов	+	+	+	+	+	+	+		
М.Т. Омаров	+	+	+	+	+	+	+		
Н. Р. Пейдж								+	+
Ә.Д. Үшбаев								+	+
Ә.Е. Нұрғожин								+	+

* Шартты белгілер:

- 1) « + » - қатысты
- 2) «бос ұяшық» – Комитет мүшесі болған жоқ

4.6. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗ-МЕТІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылға Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы шешімді 2020 жылдың 22 сәуірінде ҚКМ директорлар Кеңесі қабылдады. Бағалау Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауалнама жүргізу әдісімен жүргізілді. Сауалнамаларды таратуға және жинауға жауапты тұлға болып Корпоративтік хатшы белгіленді, онда Директорлар кеңесінің мүшелері ұсынған сауалнама нәтижелерін қорытындылау бойынша жұмыс жүргізілді және есеп дайындалды. Бағалау үдерісін бақылау Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы, Тәуелсіз директор А. Д. Үшбаевқа жүктелді. Бағалау нәтижелері 2021 жылғы 3 маусымда Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырысында, содан кейін 2021 жылғы 7 маусымда ҚКМ Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды. Төрт балдық бағалау жүйесі бойынша жүргізілген бағалау нәтижелерінде Директорлар кеңесінің мықты жақтары анықталып, сондай-ақ ағымдағы жылы жетілдірілетін салалар анықталды.

Директорлар кеңесінің мықты жақтары:

- Директорлар кеңесі жеткілікті көңіл бөледі және шешімдер қабылдау кезінде қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүдделерін қорғауға бағдарланады;

- Директорлар кеңесі атқарушы органның бірінші басшысы мен мүшелерінің жұмысын бағалау бойынша өз міндеттерін жақсы орындайды (Директорлар кеңесі осы негізде атқарушы орган жұмысының тиімділігін бағалау үшін қоғам табыстылығының негізгі көрсеткіштерін айқындай ала ма);

- Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша тиісті түрде дайындалған материалдарды алады;

- Директорлар кеңесінің сандық құрамы қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келеді;

- Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесінің деңгейіне сәйкес келетін басшылығы;

- Директорлар кеңесінің құрамы (оның мүшелерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) соңғысына бақылауды жүзеге асыру және қоғам стратегиясын әзірлеу жөніндегі міндеттерді орындауға мүмкіндік береді;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді бірлескен жұмысы. Директорлар кеңесі алқалы орган ретінде тиімді және директорлардың ерекше пікірлерінің айтылуы көтермеленеді;
- Директорлар Кеңесінің отырыстары Директорлар

кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі;

- Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің бақылау функцияларын тиімді орындау үшін Қоғамның қызметін және оның ерекшелігін зерттеуге жеткілікті уақыт бөледі;
- Директорлар кеңесінің мүшелері жасалатын мәмілелерге өздерінің мүдделілігі туралы ақпаратты ашады және мұндай жағдайларда дауыс беруден қалыс қалады.

Ағымдағы жылы Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру саласы:

- Болашақ мақсаттарға, стратегияға, саясатқа, ірі инвестициялық жобаларға, жоғары басшы лауаз-

4.7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыйақы төленуі және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығындары өтелуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының төмендегідей түрлері белгіленуі мүмкін:

- 1) директорлар кеңесіне мүшелігі үшін бекітілген жылдық сыйақы;
- 2) директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретін-

4.8. БАСҚАРМА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма төрағасы басқаратын алқалы атқарушы орган - басқарма жүзеге асырады. ҚКМ басқармасы 5 мүшеден құралады. Басқарма қызметі ҚКМ Директорлар

зымдарға тағайындауға және т. б. қатысты маңызды шешімдерді саралап қабылдау үшін жеткілікті уақыт пен ақпаратқа ие болулары тиіс;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі туындаған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін қорғаудың қандай да бір нысанын ұсынуы;

- Директорлар кеңесі Төрағасының Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің қызметке кірісу және бейімделу үдерісіне қатысуы.

Жүргізілген бағалаудың қорытындылары туралы ақпарат жыл сайын Жалғыз акционерге жіберіледі.

де директорлар кеңесі комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;

3) директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде директорлар кеңесі комитетіне қатысқаны үшін бекітілген жылдық сыйақы.

Сыйақы мен шығындар өтемақысын төлеудің шарттары мен мөлшері тәуелсіз директормен тиісті келісімде көрсетіледі, оған, егер Жалғыз акционердің шешімімен өзгеше белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

кеңесінің 2018 жылғы 23 қазандағы шешімімен (№9/18 хаттама) бекітілген Басқарма туралы Ережемен реттелмеген.

4.9. БАСҚАРМА ЖӘНЕ БАСҚАРМА КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

ҚКМ басқармасы қажеттілігіне қарай мәжілістер өткізеді және өз өкілеттіктері шеңберінде ҚКМ атқарушы органы ретінде шешімдер қабылдайды.

2020 жылы басқарманың 44 отырысы өткізілді. ҚКМ басқармасы жанында Инвестициялық және Бюджеттік комитеттер сияқты тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құрылды, олар операциялық қызметтің

түрлі аспектілері бойынша мәселелерді қарастырады және Басқармаға оларды тиімді шешу бойынша ұсыныстар береді.

Басқарма мүшелерін іріктеу тәртібі

ҚКМ Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін ҚКМ-нің Директорлар Кеңесі сайлайды.

ҚКМ Басқарма төрағасын Жалғыз акционер сайлайды.

Атқарушы органға тағайындау үшін өкілдерді таңдау кезінде оның жұмыс тәжірибесі, соның ішінде ҚКМ-мен қызмет бейіні бойынша ұқсас қаржы

және басқа да ұйымдарда басшылық лауазымдары, білімі, жоғары кәсіби және жеке қасиеттері және ҚКМ Басқармасының рөлін күшейтуге мүмкіндік беретін басқа да параметрлері ескеріледі.

Есепті кезеңде әрекет еткен Директорлар кеңесінің құрамы

Айнұр Саинқызы Қуатова	Басқарма төрағасы
Әсет Серікұлы Сағымбеков	Басқарма төрағасының орынбасары
Гүлнара Сәбитқызы Маканалина	Басқарма төрағасының орынбасары
Ренат Боржиханұлы Қуанышбаев	Басқарма төрағасының орынбасары
Ерлан Дуланұлы Қабдрахманов	Басқарушы директор, Басқарма мүшесі
Тимур Еркінұлы Бегулиев	Басқарма төрағасының орынбасары (өкілеттігі 2020 жылғы 12 тамыздан бастап тоқтатылды)

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(құрамы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)



Айнұр Саинқызы ҚУАТОВА
Басқарма төрағасы

Жалғыз Акционердің шешімімен 2020 жылғы 6 қаңтардан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-на тағайындалғанға дейін 2016 жылдан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі лауазымын атқарды, жобалық қаржыландыру, мемлекеттік - жекешелік әріптестік, экспорттық қолдау мәселелеріне және инвесторлармен жұмыс істеуге жетекшілік етті.

Мемлекеттік қызметте және корпоративті басқару саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Әр жылдары «Ланкастер Инвест» АҚ, «КМК Мұнай» АҚ, «Карповский Северный» АҚ компанияларында басшылық қызметтерді атқарған. Мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бөлім бастығы, Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің кеңесшісі ретінде жұмыс істеді.

2012 жылдан 2015 жылға дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Басқарма төрағасының бизнесті трансформациялау және стратегия жөніндегі орынбасары және «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Middlesex University-нің іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесі бар (Лондон қ.). Сонымен қатар Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономика бакалавры дәрежесі бар.



Әсет Серікұлы САҒЫМБЕКОВ
Басқарма төрағасының орынбасары

2016 жылдың мамыр айынан бастап ҚКМ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқаруда.

Бизнес әкімшілендіру бағдарламасы бойынша Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжамдау институтын (ҚМЭБИ) бітірген. Newcastle университетінде (Ұлыбритания) 2007 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаржы саласында магистр дәрежесін алды. «PricewaterhouseCoopers» ЖШС, «Verny Investments Holding» ЖШС, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жұмыс тәжірибесі бар. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ -ның жобалық дирекциясында және кредитті талдау және мәмілелерді құрылымдау департаментінде жұмыс істеді.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(құрамы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)



Гүлнара Сәбитқызы МАКАНАЛИНА

Басқарма
төрағасының орынбасары

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ бітірген 1999 жылы «Физика», 2001 жылы «Экономика және менеджмент» мамандықтары бойынша білім алған. 2006 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ.) «математикалық моделдеу», «сандық әдістер және бағдарламалар кешені» мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен аспирантураны бітірді.

2020 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде (Мәскеу қ.) іскерлік әкімшілік магистрі - Executive Master of Business Administration дәрежесін алды. Ломоносов (Мәскеу қ.).

Қазынашылық, корпоративті қаржы және тәуекелдерді басқару саласында 13 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2007 жылдан 2014 жылға дейін зейнетақы активтерін инвестициялық басқару саласында тәуекел-менеджментпен айналысты. Қазіргі лауазымына дейін, 2015 жылдан бастап «Бәйтерек ҰБХ»АҚ-да Қазынашылық департаментінің директоры қызметін атқарды.

Марапаттары: «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының «Үздік қаржыгер» қоғамдық медалі, 2013 жыл Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Қаржы қызметінің үздігі» ведомстволық наградасы, 2019 жыл.



Ренат Боржиханұлы ҚУАНЫШБАЕВ

Басқарма
төрағасының орынбасары

Стратегиялық жоспарлау, экономика, бизнес-үдерістерді қайта құру, жобаларды басқару, ERP жүйелерін енгізу саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар.

2007 жылдан 2014 жылға дейін жер қойнауын пайдалану саласындағы есеп беру, қазынашылық және бюджеттеу жұмыстарымен айналысқан. Кейінгі жылдары ол «Қазпочта» АҚ бизнесті трансформациялау бағдарламасы бойынша бизнес-шешімдерді әзірлеу блогын басқарды. Ол сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарушылық есептілік және бюджеттеу қызметінің басшысы лауазымын атқарды.

2017 жылдан 2020 жылға дейін «Nova Management Group» ЖШС консалтингтік компаниясының басқарушы директоры қызметін атқарды. Ақпараттық технологияларды стратегиялық дамыту, қаржыландыру және енгізу мәселелеріне жетекшілік етті. Халықаралық экономика мамандығы бойынша 2002 жылы Қайнар университетін бітірді (Алматы). 2010 жылы М.В. Ломоносов атындағы (Мәскеу) Мәскеу мемлекеттік университетінің іскери әкімшілік магистрі дәрежесін алды.

Азаматтық - Қазақстан Республикасы, еншілес компаниялардың акцияларына иелік етпейді.



Ерлан Дуланұлы ҚАБДРАХМАНОВ

Басқарушы директор,
Басқарма мүшесі

Сиракуз университеті (Syracuse University), АҚШ, Martin J факультетін Whitman School of Management «қаржыгер, маркетинг» мамандығы бойынша 2009 жылы бітірді.

Тәуекелдерді басқару және бақылау, аудит, инвестициялар, сондай-ақ сату салаларында 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2009 жылы Бостон, АҚШ-та «Ultimate Wireless» LLC компаниясында сату саласындағы кәсіби қызметін бастады. Кейінгі жылдары аудит, инвестициялық блокта жұмыс істеді. 2011 жылдан 2016 жылға дейін «Самұрық-Қазына» «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да тәуекелдерді басқару мәселелерімен айналысты. 2018 жылға дейін «Қазақтелеком» АҚ-да тәуекелдерді басқару қызметін басқарды. 2018 жылы «Қазпошта» АҚ-да «e-commerce» бағытын басқарды. 2019 жылдан бастап «Kcell» АҚ-да тәуекелдер және бақылау бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді.

4.10. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жарғысында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығындар өтелуі мүмкін.

Сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есепті жылға шоғырландырылған пайданың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады. Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау үшін ҚТК карталары қолданылады, олар жыл сайынғы негізде шекті мәндерімен қатар

директорлар Кеңесінің шешімімен бекітіледі. ҚКМ Басқармасының мүшелері мына жағдайларда сыйақы алмайды:

- Корпоративтік ПӘК-нің қорытынды нәтижелілігі 75 %-дан кем болса;
- Функционалды ПӘК-нің қорытынды нәтижелілігі 75 %-дан кем болса;

Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, Компания бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақша қаржаты шегінде төленеді.

05 ТҰРАҚТЫ ДАМУ



5.1. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғам ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақты дамуы үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімін қамтамасыз етеді.

Қоғамның тұрақты дамуы - бұл Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы, олар төмендегідей:

- 1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты басқару;
- 2) ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерін бағалау және басқару.

Қоғамның орнықты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) Қоғам қызметінің шығынсыздығы;
- 2) акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- 3) үдерістердің тиімділігін арттыру;
- 4) шикізаттық емес салаларды дамытудағы инвестициялардың өсуі;
- 5) өнімділікті арттыру;
- 6) жаңа жұмыс орындарын құру.

Қоғамның орнықты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту;
- 2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 3) экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану;
- 4) Қоғамның/еншілес ұйымдардың қызметінен потенциалды теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді төмендету және потенциалды оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;
- 5) клиенттерді экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін тиісті деңгейде әзірлеуге және қолдауға ынталандыру;
- 6) жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобаның қоршаған ортаға әсері саласында, сондай-ақ әлеуметтік әсер ету саласында қоғам жұртшылығының мүдделерін ескеру.

Көрсетілген мақсаттарға жету үшін Қоғам:

- 1) жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде олардың потенциалды экологиялық және әлеуметтік әсерін ескереді;
- 2) жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерінің ауқымы мен сипатын ескере отырып, жобалардың осындай әсерін басқару бойынша Клиенттерге қойылатын талаптарды айқындайды және оларды іске асыру барысында осы талаптардың орындалуына мониторинг жүргізеді;

- 3) жұртшылықтың пікірін есепке алу жөніндегі талаптарды орындауды қоса алғанда, экологиялық және әлеуметтік ықпал ету саласындағы жобалардың ҚОӘБ жөніндегі ұсынымдарының сақталуын және талаптарының орындалуын бағалайды;
- 4) Саясатта көзделген талаптарды іске асыру кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етеді.

Қоғам және оның еншілес ұйымдары инвестициялық қызмет барысында экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алуға бағытталған ESG қағидаттарын ұстанады:

- 1) инвестициялық қызметтің ашықтығы - Қоғамның /еншілес ұйымдардың қызметі инвестициялық үдерістің жариялылығы мен ашықтығы негізінде жүзеге асырылады; бұл ретте Қоғам экологиялық, әлеуметтік проблемалар және Клиенттерді басқару мәселелері туралы ақпаратты тиісінше ашуды талап ете алады;
- 2) әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік - іске асырылу нәтижесінде жобаны іске асыру өңірінде мекендеу ортасының, әлеуметтік еңбек жағдайларының және халықтың тұрмыс деңгейінің едәуір төмендеуіне жол берілмейтін жобаларды қаржыландыру; инвестициялар, егер бұл іске асырылып жатқан жоба шеңберінде қолданылатын болса, жобаны іске асыру өңірінде халықтың тұрмыс деңгейін, жұмыспен қамтылу деңгейін және (немесе) әлеуметтік еңбек жағдайларын арттыруды қамтамасыз етуге арналған.

Қоғамның орнықты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдерді және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 2) әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
- 3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- 4) қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- 5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

Қоғам өз қызметі шеңберінде Қоғамның корпоративті басқару кодексінде бекітілген орнықты даму қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Саясат сондай-ақ Қоғамның/еншілес ұйымдардың инвестициялық қызметіндегі экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу мен мониторинг жасау қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды. Қоғам сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шар-

тының қағидаттарын ұстанатыны туралы мәлімдейді:

- 1) адам құқықтарын қорғау саласында:
 - Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;
 - Қоғам адам құқықтарын бұзуға қатыспауды қамтамасыз етеді.
- 2) еңбек қатынастары саласында:
 - Қоғам ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды;
 - Қоғам мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.

5.2. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, шарттар, келісімдер, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, форумдар, жарияланымдар, Қоғамның интернет ресурсы, сұхбат болып табылады.

- 3 қоршаған ортаны қорғау саласындағы:
 - Қоғам сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
 - Қоғам қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды;
 - Қоғам экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдеседі.
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында:
 - Қоғам сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді, бопсалау және парақорлықты қоса алғанда.

Корпоративті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында теңгерімді қатынастар орнату үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен стейкхолдерлер картасы бекітілді, ол Қоғам айналасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуалдауға, әрбір стейкхолдермен жұмыс істеу мен өзара іс-қимылдың тиімді стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Стейкхолдерлердің қоғам мен оның еншілес ұйымдарының мүдделеріне ықпалы

Қоғамның мүдделері						
Стейкхолдерлер	Стратегиялық дамыту	Операциялық қызмет	Заңнамалық реттеу	Жобаларды және/немесе бизнес-үдерістерді басқару сапасы	Операциялық нәтижелер	Бедел
Өкілеттік/жауапкершілік саласы						
Жалғыз акционер	*		*			*
Басқару органы	*	*	*		*	*
Атқарушы орган	*	*	*	*	*	*
Қызметкерлер:	*	*		*	*	*
Тікелей әсер ету саласы						
Еншілес ұйымдар	*	*		*	*	*
Мемлекеттік органдар	*		*		*	*
Серіктестер мен инвесторлар	*	*	*	*	*	*
Клиенттер		*	*	*	*	*
Жеткізушілер		*			*	*
Қаржы институттары		*	*	*	*	*
Портфельдік компаниялар	*	*	*	*	*	*



Қоғамның мүдделері

Стейкхолдерлер	Стратегиялық дамыту	Операциялық қызмет	Заңнамалық реттеу	Жобаларды және/немесе бизнес-үдерістерді басқару сапасы	Операциялық нәтижелер	Бедел
Жанама әсер ету саласы						
Бұқаралық ақпарат құралдары						*
Сарапшылар мен талдаушылар	*			*	*	*
Бәсекелестер	*	*	*	*	*	*
Қоғам			*			*

- жоғары әсер ету дәрежесі
- төмен әсер ету дәрежесі
- * қызығушылықтың жоғары деңгейі

Стратегиялық дамыту	мемлекеттік даму бағдарламаларына қатысу, Қоғамның стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қоғам дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау
Операциялық қызмет	Қоғамдағы тұрақты, стандартты үдерістерді басқару бойынша тұрақты күнделікті қызмет
Заңнамалық реттеу	Қоғам қызметінің сол немесе өзге тараптарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативті-құқықтық актілер
Жобаны басқару сапасы және / немесе бизнес-үдерістермен	жобаларды және/немесе бизнес-үдерістерді басқару бойынша қызмет көрсетудегі персонал мен қоғам менеджментінің құзыреттілік және тиімділік дәрежесі
Операциялық нәтижелер	Қоғамның операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері
Бедел	қоғамның қасиеттері, құндылықтары мен кемшіліктері туралы қалыптасқан қоғамдық пікір

Стейкхолдерлермен қоғам үшін тиімді өзара іс-қимылға:

- өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерін құру, проблемаларды шешу және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, адамдық және қаржылық ресурстар мен технологиялар) біріктіру;
- жергілікті және халықаралық нарықтардың да-

муын қоса алғанда, сыртқы ортаны бағалау, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындау;

- бизнес-үдерістерді жетілдіру;
- қызметтің ашықтығы мен айқындығы саясатын жүргізу.

5.3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Қоғам жобаларды қарау кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алуды және бағалауды тұрақты негізде жүргізеді, ол төмендегі кезеңдерден тұрады:

1) жобаның Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу шеңберінде Қоғамның тікелей немесе жанама қаржылық қолдау көрсететін бағыттарға сәйкестігін тексеру. Қоғам Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында, сондай-ақ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, мемлекеттік даму бағдарламаларында бекітілген бағыттарға бағдарланады:

- экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту;
- кәсіпкерлікті/экономиканың жеке секторын дамыту;
- экспортқа бағытталған өндірістерді қолдау;
- өнімділікті арттыру;
- экономиканың урбанизациясын қолдау;
- инновацияларды дамыту;
- инфрақұрылымды дамыту.

2) жобаның шеңберінде тікелей немесе жанама түрде Қоғам қаржыландыру ұсынбайтын қызметтің алып тасталатын түрлеріне сәйкестігін тексеру:

- пайдалы қазбаларды өндіру (егер оларды жоба шеңберінде одан әрі өңдеу көзделмеген жағдайда);
- ойын бизнесі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де қызмет түрлері;
- халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобаларды іске асыру кезінде - осы халықаралық қаржы ұйымдары тыйым салған қызмет түрлері;
- Холдинг Басқармасының және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қызметтің басқа түрлері.

3) жобаның денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін және осы салалардағы тиісті заңнамалық және нормативті құқықтық актілерге сәйкес талап етілетін барлық ресми рұқсаттардың, мақұлдаулардың, лицензиялар мен куәліктердің болуын тексеру. Жоба қоршаған ортаға таза пайда әкеледі деп саналады, егер оны жүзеге асыру:

- парниктік газдар шығарындыларын азайту;
- атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын тікелей азайту;
- атмосфералық ауаға зиянды шығарындыларды азайту;
- жаңартылатын энергияның өндіруші қуаттарын ұлғайту (қоқысты қайта өңдеу, жел, гидро -, геотермалдық, био -, күн және т. б. энергия);
- энергия тиімділігін арттыру;

- су тұтынуды қысқарту және су ресурстарын тиімді пайдалану тәсілдерін ілгерілету, су үнемдеу технологияларын, су тұтынуды және су өңдеуді есепке алу жүйелерін ілгерілету;
- суды бөлу және суды беру жүйесі кезінде су шығынын азайту;
- суды көп қажет ететін секторлар мен салаларда су тұтыну тиімділігін оңтайландыру;
- су үнемдеуге әкелетін су инфрақұрылымының сапасын арттыру;
- зиянды қалдықтардың пайда болуын қысқарту;
- қалдықтарды және сарқынды суларды өндіруді қысқарту;
- су тұтыну қалдықтарының түзілуін қысқарту;
- суды тазалау;
- шумен ластануды азайту;
- қауіпті материалдарды пайдалану мен сақтауды азайту;
- топырақтың ластануын болдырмау және азайту;
- қалпына келтіру және жерді қалпына келтіру;
- климаттың өзгеру мәселелерін шешу;
- жануарлар мен өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін сақтау;
- тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу;
- қоршаған ортаны қорғау технологиялары саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер;
- инновациялық шешімдерді қолдану есебінен салалық стандарттарды арттыру. Жоба қоршаған ортаға таза пайда әкеледі деп саналады, егер оны жүзеге асыру:
- жаңа және қауіпсіз жұмыс орындарын құру (күнтізбелік бір жылдан астам уақыт ішінде, оның ішінде жоғары технологиялық салаларда);
- электрмен жабдықтауға және (немесе) жылытуға халықтың қолжетімділігін жетілдіру;
- халықтың таза суға қол жеткізуін жетілдіру;
- халықтың санитариялық жүйелерге қол жеткізуін жетілдіру;
- халықтың тұрғын үйге (оның ішінде энергиялық тиімді тұрғын үйге) қолжетімділігін жетілдіру;
- халықтың қоғамдық көлікке және көліктік шешімдеріне (оның ішінде экологиялық таза қоғамдық көлікке) қол жеткізуін жетілдіру;
- халықтың білімге қол жетімділігін жетілдіру;
- халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне (медициналық қызметтерге) қол жеткізуін жетілдіру;
- халықтың аз қозғалатын топтарының әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін жетілдіру (инклюзивті ортаны құру және жетілдіру);
- мәдени мұраны қорғау.

Қоғам жобалық портфельді қалыптастыру кезінде БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін жобаларға, оның ішінде тиімді жобаларға:

1) жан-жақты және тұрақты индустрияландыру;

2) қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өмірге төзімділігі және экологиялық орнықтылығы;

3) Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртарап-тандыру.


Қоғам қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге де қызметтің әлеумет-

тік әсері саласында озық халықаралық тәжірибені қолдануға ұмтылады.

Қоғамның қаржылық қолдау көрсетуі туралы шешім қабылдау кезінде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу саласындағы уәкілетті органдар берген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін рұқсат беру құжаттарының болуы ұсынылады.

5.4. КАДР САЯСАТЫ

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі шешімімен жаңа Ұйымдық құрылым бекітілді:



Қоғамның кадр саясаты қоғамның Даму стратегиясының басты қағидаттарына сәйкес әзірленді және транспаренттілік қағидаттарына негізделі отырып, білікті кадрларды тарту және оларды тұрақтандыру факторларын қамтиды:

1) Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі маңызды элемент ретінде кадрлық потенциалдың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
2) Нәтижелілікті басқару, еңбекке ақы төлеудің тиімді жүйесі есебінен қызметкерлердің еңбекке деген ынтасын арттыру:

- қызметкерлердің еңбек нәтижелілігін бағалау жүйесін енгізу;
- қызметкерлердің біліктілік, құзыреттілігі және еңбек нәтижелілігі деңгейіне негізделген ынталандырушы және айқын сыйақы жүйесін енгізу;
- қызметкерлердің жұмысын бағалау мен еңбек уәждемесінің міндеттері мен мақсаттарының орындалуына мониторинг және бақылау енгізу;

Қоғам ұжымында кәсіби білімі және жұмыс тәжірибесі бар 44 маман бар. ҚКМ тобында ең үздік қазақстандық және халықаралық жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс істейді:

- «Болашақ» бағдарламасының 2 түлегі;
- 14 адам магистр дәрежесіне ие;
- 18 адам сертификатталған қызметкерлер болып табылады;
- 18 қызметкердің шетелдік білімі бар.

Қызметкерлердің орташа жасы 35 жасты құрайды, Компаниядағы орташа жұмыс өтілі - 1,5 жыл. 2020 жылы штат саны 44 қызметкерді құрады, оның ішінде орталық аппарат 34 қызметкерді құрады. Қоғамның әлеуметтік саясаты жоғары білікті мамандарды тартуға және оларды тұрақтандыруға бағытталған. Осылайша, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға материалдық көмек, некеге тұру және бала туу кезінде материалдық көмек, жүктілігі және босануы бойынша демалысқа ақы төлеу көзделген. Сондай-ақ әкімшілік қызметкерлерге ынталандыру сыйақылары және қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау кезінде Басқармаға жылдық бонус жоспарланған.

Кадр саясатын іске асырудың негізі - тиімді ұйымдастырушылық құрылымның және оңтайлы кадрлардың болуы болып табылады. Қызметкер-

лердің кәсібилігінің жоғары деңгейі қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру арқылы, қолда бар білім мен дағдыларды дәйекті жетілдіру арқылы тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесінде қолдау табады және дамиды.

Қоғамның оқытуға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға деген қажеттілігі ішкі және сыртқы факторларға байланысты: стратегиялық міндеттердің өзгеруі, заңнаманың өзгеруі, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар қою және т. б. Оқыту және біліктілікті арттыру жүйесіндегі оқыту іс-шараларының саны 2020 жылы 140 іс-шараны (курстар, оқыту) құрады. ҚКМ оқыту саясаты қызметкерлердің жеке-іскерлік құзыреттерін (soft-skills) дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда эмоционалды интеллект, disc әдісі бойынша тиімді байланыс, презентациялар өткізу және аудиторияның назарын басқару бойынша оқу шаралары жүзеге асырылды. Басқарма мүшелері деңгейіндегі басшылар және құрылымдық бөлімшелердің кейбір басшылары көшбасшылық дағдыларды дамыту және жұмыс үдерістерінің жоғары қарқындылығына байланысты эмоционалды күйзеліске түсу жағдайларының алдын алу үшін кәсіби коучинг бағдарламасынан өтеді. Сонымен қатар, кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған (hard skills) оқыту мерзімді негізде жүргізіледі. 2020 жылы тәуекелдерді басқару, қаржылық менеджмент және салық салу бойынша оқыту бағдарламалары іске асырылды. Сондай-ақ, Coursera сияқты оқыту платформалары арқылы қызметкерлерді өзін-өзі дамытуға ынталандыру бағдарламасы қолға алынды.

ҚКМ қызметкерлердің әр түрлі саладағы (қаржы, инвестициялар, жеке өсу және т.б.) сарапшылармен және кәсіпқойлармен жұма сайынғы интерактивті кездесулерін өткізу тәжірибесі енгізілді - Friday talk. Мұндай кездесулер іскерлік байланыстар желісін (networking), қызметкерлердің ой-өрісін кеңейту мақсатында, сондай-ақ бизнестің стратегиялық пайымын дамыту тәсілі ретінде ұйымдастырылады.

2020 жылы кадрлардың тұрақтамауы 2,3% - ды құрады.

Қызметкерлердің нәтижелілігін басқару және еңбек уәждемесін арттыру жөніндегі саясатты жүзеге асыру шеңберінде жыл сайын KPI негізінде әкімшілік қызметкерлердің қызметіне бағалау жүргізіледі.



06

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ҚКМ және оның еншілес ұйымдарының 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігінің аудитін «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы жүзеге асырды.

«КПМГ Аудит» ЖШС пікірі бойынша жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық

елеулі аспектілерде қоғамның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржылық жағдайын нақты көрсетеді, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келеді.

6.1. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	1,990,667	3,171,248
Өзгеруі кезеңдегі пайда немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза пайда	1,882,316	1,055,853
Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялардан түскен таза (шығыс)/кіріс	(1,030,473)	387,164
Өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен дивидендік кірістер	71,170	1,147,906
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда/(шығын)	3,291,023	(328,467)
Инвестициялық қаржы активтерімен жасалатын операциялардан болатын таза шығын	(458,455)	(577,367)
Басқа операциялық (шығыстар)/кірістер, нетто	(136,493)	109,165
Операциялық кірістер	5,609,755	4,965,502
борыштық қаржы активтеріне қатысты құнсызданудан болған шығындарды (қалыптастыру)/қалпына келтіру	(15,486)	920,164
Қызметкерлерге арналған шығыстар	(635,437)	(513,741)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(687,405)	(983,223)
Салық салынғанға дейінгі пайда	4,271,427	4,388,702
Табыс салығы бойынша шығыс	(1,766,044)	(737,380)
Жыл ішіндегі пайда	2,505,383	3,651,322

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Басқа да жиынтық кіріс		
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін тараулар:		
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв:		
- табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі	183,383	707,399
- кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	73,565	223,207
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі басқа да жиынтық кіріс	256,948	930,606
Бір жылдағы барлық жиынтық табыс	2,762,331	4,581,928

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	16,586,480	946,080
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	30,609,539	23,332,615
Әділ күн бойынша бағаланатын активтер, ондағы өзгерістер езең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	139,001,229	133,573,705
- Бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар	46,929,140	47,465,606
- Қауымдасқан кәсіпорындарға салынатын инвестициялар	31,164,044	33,476,165
- Басқа да қаржы активтері	60,908,045	52,631,934
Инвестициялық қаржы активтері	4,162,053	28,709,099
Кейінге қалдырылған салық активі	2,353,147	1,966,364
Ағымдағы салық активі	1,295,775	1,746,295
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	26,672	33,353
Басқа активтер	30,582	46,485
Активтер жиыны	194,065,477	190,353,996
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	40,150,736	40,150,736
Әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістер кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	12,145,034	10,298,284
Басқа да міндеттемелер	439,644	241,849
Міндеттемелер жиыны	52,735,414	50,690,869
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	87,440,000	87,440,000
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	18,676	(238,272)
Бөлінбеген пайда	53,871,387	52,461,399
Меншікті капиталдың жиыны	141,330,063	139,663,127
Міндеттемелер мен меншікті капитал жиыны	194,065,477	190,353,996

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Пайыздық кірістер	1,847,812	3,040,124
Алынған дивидендтер	71,170	1,147,906
Қызметкерлерге төлеуге арналған шығыстар	(609,994)	(581,034)
Басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар (төлемдер)	(690,022)	(1,113,931)
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы		
Әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістер кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	(3,545,208)	(25,593,574)
Инвестициялық қаржы активтерін сатып алу	-	(18,323,441)
Инвестициялық қаржы активтерін сату және өтеу	25,873,945	35,377,047
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	(7,483,779)	2,617,149
Басқа да міндеттемелер	22,874	-
Операциялық міндеттемелерді ұлғайту		
Әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістер кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	816,278	816,278
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражатының таза мөлшері	16,303,076	(2,613,476)
Төленген табыс салығы	(1,702,308)	(2,728,410)
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза шамасы	14,600,768	(5,341,886)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Еншілес кәсіпорынның шоғырлануына байланысты түскен түсімдер	-	263,418
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(999)	(15,536)
Инвестициялық қызметтен (пайдаланылған)/түскен ақша қаражатының таза ағыны	(999)	247,882
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Төленген дивидендтер	(1,095,395)	(1,102,490)
Облигациялар бойынша төленген сыйақылар	(4,015)	(3,413)

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

кестенің жалғасы

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны	(1,099,410)	(1,105,903)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының нетто ұлғаюы/(азаяуы)	13,500,359	(6,199,907)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	946,080	6,672,269
Ақша қаражатына және олардың баламаларына айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері	2,140,041	473,718
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	16,586,480	946,080

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	87,440,000	(238,272)	52,461,399	139,663,127
Жиынтық табыс жиыны				
Жыл ішіндегі пайда	-	-	2,505,383	2,505,383
Басқа да жиынтық кіріс				
Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен болуы мүмкін тараулар:				
Табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі	-	183,383	-	183,383
Пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	-	73,565	-	73,565
Басқа да жиынтық кіріс	-	256,948	-	256,948
Бір жылдағы барлық жиынтық табыс	-	256,948	2,505,383	2,762,331
Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар				
Жарияланған және төленген дивидендтер	-	-	(1,095,395)	(1,095,395)
Меншік иелерімен операциялар жиыны	-	-	(1,095,395)	(1,095,395)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	87,440,000	18,676	53,871,387	141,330,063

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

кестенің жалғасы

мың теңге	Акционерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	87,440,000	(1,168,878)	49,912,567	136,183,689
Жиынтық табыс жиыны				
Жыл ішіндегі пайда	-	-	3,651,322	3,651,322
Басқа да жиынтық кіріс				
Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен болуы мүмкін тараулар:				
Табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі	-	707,399	-	707,399
Пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	-	223,207	-	223,207
Басқа да жиынтық кіріс	-	930,606	-	930,606
Бір жылдағы барлық жиынтық табыс	-	930,606	3,651,322	4,581,928
Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар				
Жарияланған және төленген дивидендтер	-	-	(1,102,490)	(1,102,490)
Меншік иелерімен операциялар жиыны	-	-	(1,102,490)	(1,102,490)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	87,440,000	(238,272)	52,461,399	139,663,127

ГЛОССАРИЙ

Жылдық есепте келесі қысқартулар қолданылады:

ІНҚ - ішкі нормативтік құжат

ИИДМБ - Индустриялық-инновациялық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

МЖӘ - мемлекеттік-жекешелік әріптестік

ЕҰ - еншілес ұйымдар

ҚҚМ, Компания, Қоғам - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ

ШОБ - шағын және орта бизнес

ТИ - тікелей инвестициялар

ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ТИҚ - Тікелей инвестициялар қорлары

Холдинг - «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

BVF – «Baiterek Venture Fund» АҚ

BVM – «BV Management» ЖШС

ESG - Environmental, Social and Governance (Экологиялық, Әлеуметтік және басқару стандарттары)

GP – General Partner (Бас серіктес)

IRR - Internal rate of return (табыстылықтың ішкі нормасы)

KPI - Key Performance Indicators (Қызметтің негізгі көрсеткіштері)

Private equity - тікелей инвестициялар

ROA - Return on Assets (активтердің табыстылығы)

ROE - Return on Equity (капиталдың қайтарымы)

Жылдық есебі
2020

